

Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945)

ЕҢБЕК АРМИЯСЫ ҚАТАРЫНДА БОЛҒАН ШЫҒЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР



ВОСТОЧНОКАЗАХСТАНЦЫ В ТРУДОВОЙ АРМИИ

**в период Великой
Отечественной войны
(1941-1945)**

ШҚО мәдениет басқармасының
«А.С. Пушкин атындағы ШҚО кітапханасы» КММ

**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
(1941-1945) ЖЫЛДАРЫНДА
ЕҢБЕК АРМИЯСЫ
ҚАТАРЫНДА БОЛҒАН
ШЫҒЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР**

**ВОСТОЧНОКАЗАХСТАНЦЫ В
ТРУДОВОЙ АРМИИ В ПЕРИОД
ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
(1941-1945)**

Өскемен 2021

УДК

94(574)"1941/1945...

Ұ46

«Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдарында Еңбек армиясында болған шығысқазақстандықтар»=Восточно-Казахстанцы в Трудовой армии в годы Великой Отечественной войны (1941-1945) / Құраст: З.М. Сіләмова. Ред: Ә.Қ. Қаңтарбаев – Өскемен, 2021.

Тарих еншісіне енген өткен ғасырдың, қасіретті беттерінің бірі - Ұлы Отан соғысы. Қаншама жыл өтсе де сол соғыстың зерттелмеген беттері бар. Соның бірі - Ұлы Отан соғысы кезінде Еңбек Армиясын қатарына алынғандар тағдыры. Осы «ақтаңдақты» қалпына келтіру үшін біздің кітапхана «Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдарында Еңбек армиясын қатарында болған шығысқазақстандықтар» жобасын қолға алған еді. Облыс көлемінде жүргізілген ауқымды ізденістер нәтижесінде осы еңбек электронды түрде жарыққа шығып отыр. Ұлы Жеңіс жолында қолдарына күрек пен қайла ұстап, адам төзгісіз жағдайда аянбай еңбек етіп, бар денсаулығынан айрылған жерлестер өмірі бүгінгі ұрпаққа өнеге. Басылымға Еңбек армиясы қатарында болған адамдардың, олардың ұрпақтарының, естеліктері, мұрағат материалдары негіз болған. Кітап студенттерге, мектеп оқушыларына, қалың оқырманға арналған.

КІРІСПЕ

Оқырман назарына!

Тарих еншісіне енген өткен ғасырдың қасіретті беттерінің бірі – Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысының тарихы қаншалықты зерттеліп, тарихи деректер көтерілгенімен, қаншалықты соғыс тарихын бейнелейтін көркем шығарма жазылып, фильмдер түсірілгенімен, әлі күнге дейін «ақтандақ» болып қалған – Ұлы Отан соғысы кезеңінде Еңбек армиясына шақырылғандардың тағдыры, олардың Ұлы Жеңіске қосқан үлесі.

Соғысқа 1 366 164 қазақстандық қатысса (Қазақстанның соғысқа дейінгі халқының 22,2%), Еңбек армияларына 700 мың қазақстандық әскери комиссариаттар арқылы жіберілді, олардың 200 мыңы Қазақстаннан тыс жерлерде КСРО қорғаныс кәсіпорындарында жұмыс істеді. Еңбек армиясына қатысқандардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі зор болғанымен, ондаған жылдар бойы оның құрылу тарихы мен қызметі, соғыс кезеңіндегі ерен еңбектері ескерусіз қалды.

«Еңбек армиясы» термині ешбір ресми құжаттарда кезікпейді. Халық арасында оларды «Трудобойлар» деп атады. Көпшілік Еңбек армиясын тыл еңбеккерлерімен шатастырады. «Еңбек армиясы» деп Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери жағдайға байланысты жұмысшы отрядтар қатарына мәжбүрлі еңбек міндеттерін орындау үшін жұмылдырылғандарды атады. «Трудобойлардың» тұтқындардан еш айырмашылығы болмады: тікенек сыммен қоршалған жерде тұрып, жұмысқа арнайы конвоймен апарылды. Каторгалық жағдайда өмір сүріп, ашқұрсақ, жалаңаш жүріп-ақ ағаш дайындап, көмір өндіріп, ондаған қорғаныстық маңызы бар нысандарды салды. Еңбек армиясына алынғандардың еңбегі елдің жауға қарсы қуатын арттырып, Жеңісті жақындатуға орасан зор үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы кезінде кеңестік этникалық немістер ерекше сенімсіз болып саналды. Сондықтан олар Еңбек армиясына жұмылдырылғандардың негізгі бөлігін құрады. Бейтараптандырылған финдер, румындар, итальяндықтар, венгрлер және түрлі ұлт өкілдерінен тұратын қарапайым жұмысшы-колхозшылар да Еңбек армиясына алынды.

«Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар» электронды басылымы облыстық өлкетану зерттеулерінің нәтижесінде дайындалып отыр. Басылымға Еңбек армиясы қатарында болған адамдардың, олардың ұрпақтарының естеліктері негіз болған. Жинақталған материалдар төрт негізгі бөлімге топтастырылған:

- Есімдер (Еңбек армиясына қатысқандар тізімі);
- Естеліктер (қатал тағдырдың шынайы бет-жүзі);
- Отбасылық мұрағат (фотосуреттер, құжаттар);
- Мақалалар (газет-журнал, кітап беттерінде жарық көрген мақалалар көшірмесі, веб-ресурстар).

Электронды басылымды толықтыру алдағы уақытта да жалғасын табады. Туған өлке тарихына бей-жай қарамайтын жерлестерімізді осы жобаны жалғастыруда бірлесе жұмыс жасауға шақырамыз. Еңбек армиясы қатарында болған туыстарыңыз, ауылдасыңыз туралы қандай да бір ақпарат білсеңіз (фотосурет, хаттар, естеліктер, өмірбаяндық мәлімет) «Еңбек Армиясы» деген белгімен, spravka@pushkinlibrary.kz электронды поштасына жіберулеріңізді сұраймыз.

Аға буынның ұрпағының жарқын болашағы үшін көрсеткен ерлігі жайлы естеліктерді сақтау үшін тарихымыздың аз зерттелген тұстарын бірлесе зерттейік!

К читателю!

История Великой Отечественной войны охватывает трагический и одновременно героический период истории казахского народа XX века. В этом подвиге слились воедино и высокое мастерство военачальников, и мужество солдат, партизан, и самоотверженность тружеников тыла.

В боях за Родину участвовали 1 366 164 казахстанца, которые составили 22,2% довоенного населения Казахстана (6 151 102 человек).

Помимо боевых частей были сформированы Трудовые армии. В них через военкоматы было направлено 700 тысяч казахстанцев, 200 тысяч из них работали на оборонных предприятиях СССР за пределами Казахстана. Значителен и вклад трудармейцев в общее дело разгрома врага. Но долгие десятилетия история создания и деятельности Трудовой армии, конкретный вклад ее участников в увеличение военной мощи СССР оставалась обезличенно. Эта тема рассматривалась лишь в общем контексте истории тыла и трудового подвига народа во имя Победы, растворяясь в общем понятии «трудовой фронт».

Термин «трудовая армия» или сокращенно «трудармия» является неофициальным. Несомненно, реализация такой формы трудовой мобилизации в некоторой степени носила принудительный характер, однако, это обуславливалось военной обстановкой и было подчинено решению главной задачи – достижению Победы. Трудармейцы работали на самых тяжелых участках – в строительстве, на лесозаготовках, добыче угля.

Советские этнические немцы во время Великой Отечественной войны считались особенно неблагонадежными. Именно поэтому они составили основную часть мобилизованных в «трудармии». Были мобилизованы в трудовые армии и интернированные финны, румыны, итальянцы, венгры и другие народы. Подлежали трудовой мобилизации и простые труженики-колхозники, представители разных национальностей.

Это были люди с трагической судьбой. Их положение мало чем отличалось от положения заключенных: они жили за колючей проволокой, их водили на работу под конвоем... А между тем именно руками трудармейцев в тяжелейших каторжных условиях, за пайку хлеба, были построены десятки тысяч государственных объектов и была создана мощь страны, которая обеспечила победу в Великой Отечественной войне.

Представленный сборник является данью памяти нашим соотечественникам, которые своим героическим трудом в нечеловеческих условиях ковали Победу над фашизмом. Электронное издание подготовлено по итогам областного краеведческого исследования «Восточноказахстанцы в Трудовой армии в годы Великой Отечественной войны (1941-1945)». Основу контента составили пронзительно-горькие рассказы-исповеди как самих трудармейцев, так и их прямых родственников.

Весь материал сгруппирован в 4 основных разделах:

- Имена (персоналии трудармейцев),
- Воспоминания (правдивые картины суровой драмы жизни),
- Семейный архив (фотоматериалы и документы из семейных архивов),
- Публикации (копии статей из книг, газет и журналов, веб-ресурсы).

Работа по пополнению разделов продолжается, и мы приглашаем к сотрудничеству всех, кому дорога и небезразлична история отчего края. Если у вас сохранились какие-либо сведения о ваших родных, бывших трудармейцах (фотографии, письма военных лет, воспоминания, биографические сведения) - присылайте электронные копии на spravka@pushkinlibrary.kz, с пометкой в теме «Трудармия». Давайте вместе открывать для себя малоизвестные страницы нашей истории, чтобы сохранить для потомков память о великом подвиге наших отцов и дедов!

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының
Поволжья аумағында тұратын неміс ұлтын қоныстандыру туралы Жарлығы

Указ Президиума Верховного Совета Союза ССР о переселении немцев,
проживающих в районах Поволжья

ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

БОЛЬШЕВИК

ОРГАН ОБКОМА ВКП(б), ВЕРХОВНОГО СОВЕТА АССР НЕМЦЕВ
ПОВОЛЖЬЯ, ЭНГЕЛЬСКОГО ГОРКОМА ВКП(б) И ЭНГЕЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО СОВЕТА ДЕПУТАТОВ ТРУДЯЩИХСЯ.

№ 204 (4713)

Суббота, 30 августа 1941 г.

Цена 15 коп.

У К А З

ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СОЮЗА ССР О ПЕРЕСЕЛЕНИИ НЕМЦЕВ, ПРОЖИВАЮЩИХ В РАЙОНАХ ПОВОЛЖЬЯ

По достоверным данным, полученным военными властями, среди немецкого населения, проживающего в районах Поволжья, имеются тысячи и десятки тысяч диверсантов и шпионов, которые по сигналу, данному из Германии, должны произвести взрывы в районах, заселенных немцами Поволжья.

О наличии такого большого количества диверсантов и шпионов среди немцев Поволжья никто из немцев, проживающих в районах Поволжья советским властям не сообщал, — следовательно немецкое население районов Поволжья скрывает в своей среде врагов Советского Народа и Советской Власти.

В случае, если произойдут диверсионные акты, затеянные по указке из Германии немецкими диверсантами и шпионами в республике немцев Поволжья или в прилегающих районах и случится кровопролитие, Советское Правительство по законам военного времени будет вынуждено принять карательные меры против всего немецкого населения Поволжья.

Во избежание таких нежелательных явлений и для предупреждения серьезных кровопролитий Президиум Верховного Совета СССР признал необходимым переселить все немецкое население, проживающее в районах Поволжья, в другие районы с тем, чтобы переселяемые были наделены землей и чтобы им была оказана государственная помощь по устройству в новых районах.

Для расселения выделены изобилующие пахотной землей районы Новосибирской и Омской областей, Алтайского края, Казахстана и другие соседние местности.

В связи с этим Государственному Комитету Обороны предписано срочно произвести переселение всех немцев Поволжья и наделить переселяемых немцев Поволжья землей и угодьями в новых районах.

Председатель Президиума Верховного Совета СССР
М. КАЛИНИН.

Секретарь Президиума Верховного Совета СССР
А. ГОРКИН.

Москва, Кремль
28 августа 1941 года.

ДВИЖЕНИЕ СОЛИДАРНОСТИ

ОТ

В течение 28 августа вели упорные бои с всем фронте. После отхода наших войск оставили

Наша авиация провела налет на Кенигсберг. За ночь с 26 августа на 17 немецких самолетов ранее, а 37 самолетов в воздушных боях сбиты. Наши потери — 1 самолет. Наши потери —

В Балтийском море сбиты два немецких самолета.

После продолжительных боев наши войска заняли город П. Занятию стоило врагу огромных усилий. Дважды пытались прорвать первую линию обороны, но оба раза отбрасывались под огнем артиллерии и пушек. Батарей старшего лейтенанта В. Третьякова уничтожены танки. Артиллерийским огнем расстреляно 1.500 немецких солдат. Фашисты бросили полк в ожесточенном бою. Ч. Бронского уничтожил офицером этого полка.

На третий день боев заняли новые позиции в Красноармейске и направились к отряду. Каждый танк фашистские танки пробили колесную колею. Голоса скочил на ходу и взорвавшихся танка попытка взорваться танк, но здесь ручные гранаты и ружья. Танки сгорели в горах вражеских машин. Улице Фрунзе в центре попали под огонь противника капитана Разумова. Остальные, сгрудившиеся в сточный бой разгорелась в центре. Бойцы подоспел лейтенанта Трубо стали 6 танков противника показала немецкая пехота открыли по немцам.

У

**«Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945)
Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар»
облыстық өлкетану зерттеулерін жүргізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы Ережелер

1.1. «Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар» атты облыстық өлкетану зерттеулері (әрі қарай – Зерттеу) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы дайындаған жоба негізінде жүзеге асырылады.

1.2. Өлкетану зерттеулері – бұл белгілі бір тақырып бойынша объектілерді, үдерістер мен құбылыстарды авторлық эссе және уақыт шектеулерімен зерттеу. Зерттелетін тақырып – «Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдарында Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар».

2. Зерттеудің міндеті мен мақсаты

2.1. Мақсаты:

- кітапхананың өлкетану қорын зерттеу тақырыбын ашып көрсететін авторлық эссе (естеліктер), құжаттар, фотосуреттер түріндегі тарихи фактілермен толықтыру;
- зерттеу тақырыбына назар аударта отырып, осы тақырып, оның құндылығы жайлы түсінікті кеңейту;

- облыс тұрғындарының отбасылық альбомдарында сақталған тарихи деректерді анықтап, жарыққа шығару, жеке және отбасылық тарихты өзектендіру;

- өлке, өңір, қала, ауыл тарихына деген ортақтастық, азаматтық-патриоттық қарым-қатынасты қалыптастыру.

2.2. Міндеті:

- отбасылық тарихқа, шыққан тегіне, өскен ортасына қызығушылықты арттырып, бабаларымыздың ерлік істері жайлы ақпараттарды іздестіруге ынталандыру;

- отбасылық тарих, құжаттар, фотосуреттерді жинастыру, өңдеу.

3. Зерттеудің құрылтайшылары мен ұйымдастырушылары

3.1. Зерттеудің құрылтайшы-ұйымдастырушысы – ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ.

3.2. Зерттеудің үйлестірушісі әрі әдістемелік орталығы – Ұйымдастыру комитеті.

4. Зерттеуге қатысушылар және қатысу тәртібі

4.1. Зерттеу жұмысына кез-келген жастағы адам қатыса алады. Кәмелеттік жасқа толмаған азаматтар ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен қатысуға рұқсат беріледі.

4.2. Зерттеуге жіберілген құжаттардың электронды нұсқасы (эссе, естеліктер, фотосуреттер, бейнежазбалар) ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ қорына қайтарымсыз түрде тұрақты сақтауға беріліп, Зерттеуге қатысушының авторлық құқығы сақтала отырып, кітапхана меншігіне айналады.

4.3. Зерттеуге құжаттарды жібере отырып, қатысушы өзі ұсынған ақпаратқа авторлық құқықтың тек өзіне тиесілі екенін және осы ақпаратты Зерттеу барысында пайдалану үшінші тұлғаның мүліктік және/немесе мүліктік емес құқығын бұзбайтынын растайды.

4.4. Зерттеуге қатысушылар Ұйымдастырушыларға тапсырылған құжаттарды кітапхана қызметінде пайдалану құқығын береді. Зерттеу Ұйымдастырушылары өз кезегінде қатысушының құжат иесі ретіндегі құқығын сақтауға міндеттенеді.

4.5. Ұйымдастырушы Зерттеуді насихаттау үшін қатысушылардың еңбегін ол туралы мәліметтерді көрсете отырып, пайдалана алады (Ұйымдастырушы сайтына, БАҚ орналастыру және т.б.).

4.6. Кітапхананың өлкетану фотоқорына тапсырылған құжаттардың түпнұсқасы иесінің қалауымен, бұрынғы иесі туралы мәліметтерді сақтай отырып, Ұйымдастырушының меншігіне айналады. Ұйымдастырушы құжаттарға электронды өңдеу жұмыстарын жүргізуге, көрмелер мен экспозицияларға пайдалануға құқылы.

5. Зерттеуді ұйымдастыру

5.1. Өткізу мерзімі:

Зерттеу жұмыстары 09.05.2019 ж.- 09.05.2020 ж. аралығында өткізіледі:

- 09.05.2019 ж. - 01.04.2020 ж. аралығы – осы Ереженің 6.1.- 6.4. пункттеріне сай қатысушылардың шығармашылық жұмыстарын қабылдау.

- 01.04.2020 ж. - 01.05.2020 ж. аралығы – Комиссия мүшелерінің бағалау және іріктеу жұмыстары.

- 02.05.2020 ж. - 29.05.2020 ж. аралығы – А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасындағы «Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар» шығармашылық жұмыстар көрмесі.

- 08.05.2020 ж. – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған салтанатты шарада Зерттеу жеңімпаздарын марапаттау.

5.2. Зерттеуге «Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар» тақырыбы бойынша шығармашылық жұмыстар (құжаттар, авторлық эссе, фотосуреттер) қабылданады.

5.3. JPEG (JPG) форматында, 1024x768 пиксельден кем емес, көлемі 500 Кб-тан 2 Мб дейін, кез-келген электронды тасымалдағыштағы сандық форматтағы фотосуреттер сейсенбі–жұма күндері, сағат 9.00-8.00-ге дейін Анықтама-библиографиялық қызмет бөлімінде қабылданады (Қазақстан к-сі, 102).

5.4. Авторлық эссе мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады. Креативтілік, шығармашылық тәсіл құпталады. Мәтінге қойылатын негізгі талаптар:

- көлемі – А4 форматындағы бір беттен артық емес;
- шрифт – Times New Roman, мөлшері – 14, интервал -1,5;
- Мәтінде тегістеу – ендік.

5.5. Жоғарыдағы өлшемге сәйкес келмеген жұмыстар конкурсқа қабылданбайды.

6. Қорытынды ереже

6.1. Қатысушылардың барлығына сертификат, естелік сыйлықтар табысталады.

6.2. Ережеге өзгерістер енгізумен байланысты сұрақтар Ұйымдастырушылармен шешіледі.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

1. Шагиева Бибігүл Жамбыловна – ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ директоры;

2. Қаңтарбаев Әлібек Қалиұлы – журналист, публицист, ақын, Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры;

3. Слямова Зиза Мухтархановна – ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ Өлкетану секторының жетекшісі;

4. Қалиева Бакытгүл Тобиевна – ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ библиограф маманы;

5. Уалханова Рахия Нуралиновна – ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ Кітап қорын толықтыру секторының жетекшісі.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

070019, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 102. ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ

ПОЛОЖЕНИЕ

о проведении областного краеведческого исследования «Восточноказахстанцы в Трудовой армии в годы ВОВ (1941-1945)»

1. Общие положения

1.1. Настоящее положение регламентирует порядок проведения областного краеведческого исследования «Восточноказахстанцы в Трудовой Армии в годы ВОВ (1941-1945)» (далее – Исследование), который проводится на основании плана мероприятий Восточно-Казахстанской областной библиотеки имени А.С. Пушкина в рамках программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру» в 2019 году.

1.2. Краеведческое исследование - это изучение объектов, процессов и явлений по определенной теме с авторским эссе и с временными ограничениями. Тема исследования – «Восточноказахстанцы в Трудовой Армии в годы ВОВ (1941-1945)».

2. Цели и задачи Исследования

2.1. Цели:

– пополнение библиотечного краеведческого фонда историческими фактами в виде авторского эссе (воспоминания), документов, фотографий, отражающими тему Исследования;

– привлечение внимания к теме Исследования, расширение представлений о ней и её ценности;

– выявление исторического наследия, скрытого в семейных альбомах жителей области, актуализация личных и семейных историй Восточно-Казахстанского региона;

– формирование гражданско-патриотического отношения и чувства сопричастности к своей земле, к своему аулу, городу, региону; к истории родного края;

2.2. Задачи:

– повышение интереса к истории семьи, к собственным истокам и корням, содействие развитию мотивации для активного поиска информации о предках;

– сбор и обработка семейных историй, документов, фотографий;

3. Учредители и организаторы Исследования

3.1. Учредителем и организатором Исследования является КГУ «Библиотека им. А.С. Пушкина Восточно-Казахстанской области» Управления культуры ВКО.

3.2. Координатором и методическим центром Исследования является Организационный комитет (далее – Оргкомитет).

4. Участники и условия Исследования

4.1. В Исследовании могут принимать участие все желающие, любого возраста. Несовершеннолетние граждане допускаются к участию при условии согласия со стороны родителей или иных совершеннолетних представителей и их готовности в случае необходимости представлять интересы несовершеннолетнего участника.

4.2. Присланные на Исследование электронные версии документов (эссе, воспоминания, фотографии, видео) безвозмездно передаются на постоянное хранение в краеведческий фотофонд КГУ «Библиотека имени А.С. Пушкина Восточно-Казахстанской области» Управления культуры, архивов и документации ВКО и становятся его собственностью с сохранением авторских прав участника Исследования.

4.3. Предоставляя документы для участия в Исследовании, участник подтверждает, что все авторские права на размещённую им информацию, принадлежат исключительно ему, и использование этой информации при проведении Исследования, не нарушает имущественных и/или неимущественных прав третьих лиц;

4.4. Участники Исследования передают Организатору право использовать представленные документы в деятельности библиотеки. В свою очередь, Организатор Исследования обязуется не нарушать владельческие права участников Исследования.

4.5. Работы участников могут использоваться Организатором для популяризации Исследования с обязательным указанием имени владельца (в том числе размещаться на сайте Организатора, в печатных и электронных СМИ и т. д.).

4.6. Оригиналы документов, передаваемые в краеведческий фотофонд библиотеки по желанию владельца, становятся собственностью Организатора с сохранением всех данных бывшего владельца фото и информации о нём. Организатор вправе производить электронную обработку документов, использовать его при организации выставок и экспозиций.

5. Организация Исследования

5.1. Сроки проведения:

Исследование проводится с 09.05.2019 года по 09.05.2020 года:

– с 09.05.2019 года по 01.04.2020 года – направление творческих работ участников в соответствии с требованиями, изложенными в п. 6.1. - 6.4. настоящего Положения;

– с 01.04.2020 года по 01.05.2020 года – работа членов Комиссии по оценке и отбору творческих работ для выставки;

– с 02.05.2020 года по 29.05.2020 года – выставка творческих работ «Востоказахстанцы в Трудовой Армии в годы ВОВ (1941-1945)» в фойе ВК областной библиотеки имени А.С. Пушкина;

– 08.05.2020 года - торжественное награждение победителей Исследования на праздничном мероприятии, посвященном 75-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг. (к Году в СНГ - 75-летие Великой Победы).

5.2. На Исследование принимаются творческие работы (документы, авторские эссе, фотографии) по теме «Востоказахстанцы в Трудовой Армии в годы ВОВ (1941-1945)».

5.3. Фото в цифровом формате принимаются в формате *JPEG (JPG), с разрешением сторон не менее 1024x768 пикселей и объем от 500 Кб до 2 Мб на любом электронном носителе в Центре справочно-библиографического обслуживания библиотеки имени А.С. Пушкина (ул. Казахстан, 102) со вторника по пятницу с 9.00 до 18.00.

5.4. Авторские эссе принимаются на государственном и русском языках. Приветствуется креативность и творческий подход. Среди основных требований, предъявляемых к тексту, следующие:

– размер – не более одного листа формата А4;

– шрифт Times New Roman, размер – 14 с полуторным интервалом;

– выравнивание текста – по ширине.

5.5. Работы, не отвечающие данным критериям, не допускаются к участию в конкурсе.

6. Заключительные положения

6.1. Все участники получают "Сертификат участника Исследования" и памятный приз.

6.2. Все вопросы, связанные с возможным внесением изменений в Положение, решаются организаторами, исходя из сложившейся ситуации.

Состав Оргкомитета:

1. Шагиева Бибигуль Жамбыловна, директор КГУ «Библиотека им. А.С. Пушкина Восточно-Казахстанской области» Управления культуры ВКО председатель оргкомитета;

2. Кантарбаев Алибек Калиевич - журналист, публицист, поэт, директор филиала Союза писателей Восточно-Казахстанской области;

3. Слямова Зиза Мухтархановна, главный библиотекарь-краевед Центра справочно-библиографического обслуживания КГУ «Библиотека им. А.С. Пушкина Восточно-Казахстанской области» Управления культуры ВКО;

4. Калиева Бакытгуль Тобиевна – библиограф КГУ «Восточно-Казахстанская областная библиотека им. А.С. Пушкина» Управления культуры ВКО;

5. Уалханова Рахия Нуралиновна, главный библиограф КГУ «Библиотека им. А.С. Пушкина Восточно-Казахстанской области» Управления культуры ВКО;

Адрес оргкомитета: 070019, г. Усть-Каменогорск, ул. Казахстан, 102.

1 - БӨЛІМ

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Еңбек армиясы» қатарында болғандар туралы

2020 жыл... Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жыл толып отыр. 75 жыл адам ғұмыры болса, жақсы, ұзақ жасаған екен деп жатамыз. Иә, аз уақыт емес, окоптарға гүл өсіп, көзден аққан жас тамшылары әлдеқашан кеуіп кетсе де, соғыс салған жарақат жазылар емес. Соғыстың әлі зерттелмеген беттері қаншама! Жыл сайын сонау Украина, Молдава, Прибалтика, Батыс Европа жерінде ерлікпен қаза тапқан қазақстандықтардың зираты табылып, ұрпақтары барып тәу етіп жатқанын баспасөз бетінен жиі кездестіреміз.

Жыл өткен сайын соғыс ардагерлерінің де, соғыс балалары болып саналатын тыл ардагерлерінің де қатары сиреп барады.

Соғыс зұлматы алыстаған сайын, соның зардабын тартып, қиыншылығын басынан өткерген аға ұрпақтың ұмыта алмай жүрген мазасыз ойлары бар. Тылдағы ауыр еңбектің азабын тартып аш-жалаңаш жүріп, еңбек көрігін қыздырған аға ұрпақ өкілдерінің естен кетпес естеліктері, айтылмаған сырлары өздерімен бірге кетті. Ол ел тарихында Ұлы Отан соғысы деп аталған тозақты жылдар туралы айтылмаған ақиқат. Сол ақиқаттың бірі Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек армиясына алынып, еш ескерусіз қалған адамдардың тағдары.

Соғыс жылдарында жұмыс күшін адамның еркінен тыс пайдалану кеңес экономикасының ажырамас бөлігі болып табылды. Құрылған Еңбек армиялары азаматтарды еріксіз түрде әскери кара жұмыстарға мәжбүрледі. Заң бұзып, қылмыс арқалаған тұтқындардан олардың еш айырмашылығы болмады. Тіпті кейбір лагерлерде тұтқындардың әлеуметтік жағдайы еңбекке жұмылдырылған адамдардың жағдайынан әлдеқайда жақсы болған. Ресми билік өкілдері тұтқын деңгейіне дейін төмендеткен жұмысшылар өздерінің әлеуметтік статусын көтеру үшін өздерін «Еңбек армиясы» деп атады.

Соғыс кезінде Еңбек армиясына алынғандар екі категорияға бөлінді. Бірінші категорияға моральдық-саяси белгілері бойынша майданға шақырылмаған (батыс шекара аймағында қоныстанған совет немістері, поляктар, румын, корей, шешен сияқты) ұлт өкілдері жатты, екінші категория бойынша қол күші жетіспегендіктен 200 мыңдай қарапайым колхозшы-ауыл адамдары шақырылған.

Олар Орал және Сібір зауыттары мен Ақмола – Павлодар, Қарағанды – Ақмола, Орынбасар – Арыс, Басқұншақ – Мақаттемір жол құрылысында еңбек етті. Мыңдаған еріксіз жұмысшылар Доссор – Астрахань, Ор – Қандыағаш мұнай құбырлары құрылысында тер төкті.

1942 жылы 10 қаңтардағы КСРО Қорғаныс комитетінің № 1123 Жарлығына сәйкес, ағаш дайындау, өнеркәсіп, темір жолдар төсеу жұмысына Қазақстанға, Омск, Новосібір, Краснояр қалаларына, Алтай өлкесіне жер аударылғандар есебінен 17-50 жас аралығындағы 120 мың неміс ұлтының ер адамдарын жұмылдыруға бұйрық және сол жылдың күзінде 15 жастан 55 жас аралығындағы ерлер мен 16-45 жас аралығындағы совет неміс әйелдерін Еңбек армиясына жұмылдыру туралы Жарлық шықты. Сонымен қатар, Еңбек армиясына әскери тұтқыннан босағандар (арнайы әскери тексерістен өткендер) жіберілді.

Соғыстың соңғы 1,5 жылында Еңбек армиясының қатарына Солтүстік Кавказ, Грузия, Қырым, Қалмақ елдерінен көшіріп-қоныстандырылғандар қосылды. Еңбек армиясындағы адамдардың тұрмыстық-материалдық жағдайы өте ауыр болды. Арнайы қоныстандырылғандардың көп бөлігі ауру мен аштықтан қырылды. Металл балқытатын мартен пештерінің, өзге де адам төзгісіз еңбекті қажет ететін кара жұмыс үшін жүздеген, мыңдаған қазақстандықтар Еңбек армиясы құрамында Магнитогорскіге жіберілгені тарихтан аян. Осы Еңбек армиясында жанкештілікпен еңбек еткен жерлестіріміз туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Олар туралы шығарылған өлең, жазылған кітаптар, ашылған

ескерткіш-белгілер де жоқ. Моральдық-әлеуметтік жағынан өте төмен саналған осы аянышты тағдыр иелерінің Ұлы жеңіске қосқан үлесі өлшеусіз. Олардың ұшан-теңіз еңбегі, Ұлы Жеңіс жолындағы үлесі туралы ащы шындықты жазған – жазушы жерлесіміз Оралхан Бөкей. Оралханның «Бәрі де майдан» повесі Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл өмірін – Сібірде еңбек еткен қазақтар өмірін ащы шындықпен бейнелеген. Автор өз кейіпкерлерінің басынан өткен шытырман оқиғаларды әсерлі тілмен жеткізеді. Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай өңіріндегі адамдар өмірінен жазылған тарихи хикаят «Трудармия» қатарында болып, атаусыз ерлік жасаған Ақан мен оның әйелі Алманың өмірі арқылы сол кезеңнің ауыртпалығын көрсете білген. 1942 жылдың ақпан айында бір ауылдан бір топ азамат майданға аттанады. Батыс қайдасың деп жүріп кеткендер қара жұмысқа салады деп ойлаған жоқ. Бір ауылдан тепсе темір үзетін бес жігіт Свердлов облысына қара жұмысқа жіберіледі. Отан айтты – бітті, үлкен жігермен қара жұмысқа кірісіп кеткен жігіттер көп ұзамай қалжырай бастайды. 14 сағат «огнеупорная глина» деген ақ топырақты қазу қыр жігіттеріне ауыр тиді. Қақаған аязда қалың қардың астынан қазып алып жөнелтпесе отқа төзгіш топырақтан металл қорытатын алып қазандар жасалмас еді, майданға қажетті оқ пен қару жасайтын металдар балқытылмас еді. Сондықтан, Белка руднигінде жілікті жігіттер уақытпен санаспай жұмыс істейді. Тұрмыс жағдайы өте төмен, сабан төсек, қаптаған қандалаға таланып, ашқұрсақ жүру қандай мықты жігіттерді тоздырып жіберері сөзсіз. Радио, хат-хабар жоқ. Қара жұмысқа қалғандардың жағдайы әскери тұтқындармен бірдей еді. Іштерінен іріктеп майданға да жіберіп жатқандарға қалғандары қызыға қарағандары рас. «Майданнан тыс, мынадай қорлықта өмір сүргенше, қолына қару алып жаумен шайқасып өлген бақытты екен-ау» деген ойлар маза бермегені де шындық.

12-14 сағаттық еңбекақы төленбейтін тынымсыз ауыр қара жұмыс, от жағылмайтын сыз барақтардағы тақтай-төсектер, ескі-күскы киім, жұмырыңа жұқ болмайтын өлшеулі құнарсыз тамақтан ашқұрсақ жүрген талай жан тән азабы мен жан азабының дертінен көз жұмып, сүйектері жат жерде қалды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деп небір қиындықтарға төзе білген, еңбек тозағынан аман қалып, құр сұлдерін сүйретіп елге жеткен тірі өліктердің бірі – осы Ақан еді...

Бейбіт өмір орнап, неміс фашистерінің көзі жойылды. Ұлы Отан соғысына қатысып аман қайтқандар қошаметке бөленіп, батыр болып оралды. Кейінгі жылдары тыл еңбеккерлері, балалық шағы соғыс жылдарында өткен аға ұрпақ туралы сөз қозғап, еске алып жатырмыз. Әлі күнге дейін қоғамда лайықты бағасын ала алмағандар – осы «трудобойлар». Оралханша айтсақ «құдай-ай, кісі ме десем, трудобой екен ғой» деп адам санатына қосыла алмай талайлар дүниеден өтіп кетті...

Алайда бүгінгі жас ұрпақ соғыстың шын тарихын, қолына күрек пен қайла алып жүріп Ұлы Жеңіске орасан зор үлес қосқан аға ұрпақ өкілдерін білуге тиіс деп ойлаймын. Елі үшін ерен еңбек сіңірсе де елеусіздеу қалған сол бір аянышты да, қиын тағдыр иелерінің есімдері тасқа қашалып жазылып, іс-шаралар өткізілуі керек. Осы орайда А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы тың жоба – Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар өмірін зерттеуді қолға алды. Кітапхана сайтында жобаның Ережесі берілген – <http://kray.pushkinlibrary.kz/ru/kraevedenie-vko/2794-kraevedcheskoe-issledovanie-vostochnokazakhstantsy-v-trudovoj-armii>.

Біз, кітапхана қызметкерлері, аталар ерлігіне бас ие отырып, барша халықты осы жобаға қатысуға шақырамыз. Еңбек армиясы қатарында қызмет етіп, ерен еңбек үлгісін көрсеткен әке-аталарыңыз, туыстарыңыз, ауылдастарыңыз туралы қандай да бір дерек білсеңіздер (эссе, очерк түрінде, фотосурет, т.б.) кітапхананың электронды поштасына (spravka@pushkinlibrary.kz; iimaspushkina@mail.ru) жіберулеріңізді сұраймыз.

Ерлікке, еңбекке толы өмірдеректері өскелең ұрпаққа үлгі болатын, ел басына күн туғанда ортақ Отанды қорғау үшін еңбек майданының көрігін қыздырып, жастық

жалынын, денсаулығын, өмірін сол сынаққа арнаған жандардың өмірін жас ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті парызымыз.

З. Мұхтарханқызы
А.С. Пушкин атындағы
Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы,
Өлкетану секторының жетекшісі

«Еңбек армиясы»: Жеңіс үшін бейнет кешкендер



Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ауыр еңбекке араласқан, бүгінде азайып қалған ардагерлердің жүрегін сыздатып, жанын жаралап жатқан ұмытылмас естеліктері, толық зерттелмеген тарихы бар. Соғыс тарихтағы ақтандақтардың бірі – Ұлы Отан соғысы деп аталған зұлмат жылдары Еңбек армиясына алынғандар тағдыры. А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Ұлы Отан соғысы кезіндегі Еңбек армиясына қатысқан шығысқазақстандықтар» жобасын қолға алған еді. Жобаның мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Еңбек армиясына алынып, жанкештілікпен ауыр жұмыстар атқарған жерлестеріміздің Ұлы Жеңіске қосқан үлесін жас ұрпаққа жеткізу. Бүгінгі жас ұрпақ соғыстың шын тарихын, қолына күрек пен қайла алып жүріп, Ұлы Жеңіске орасан зор үлес қосқан аға ұрпақ өкілдерінің еңбегін біліп, құрметтеуі керек.

Қазіргі ұрпақ «Еңбек армиясы» деген сөзді білмек түгіл естіген де жоқ. Оның құрамында болғандардың барлығы дерлік бүгінде өмірден өтіп кетті. Олардың адам төзгісіз жағдайда еңбек етіп, ашқұрсақ жүрсе де дыбыстарын шығармай, Жеңіс жолында қандай да қиындықтарға төзе білген қайсарлығы, отансүйгіштігі бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге.

Көпшілік Еңбек армиясын тыл еңбеккерлерімен шатастырады. Сонымен, Еңбек армиясы дегеніміз не?

Соғыс басталысымен өнеркәсіп орындарындағы жұмыс істейтін халықтың көпшілігі қолдарына қару алып отан қорғауға аттанды. Қорғаныстық маңызы бар ірі зауыттар тылға көшірілді. Жана орынға келіп әскери қару-жарақ шығара бастаған зауыттар мен комбинаттарға қол күші қажет еді. Фашист жендеттерінен қорғану үшін елімізге орман, көмір, кен, т.б. шикізат өнімдері аса қажет болатын. 1941 жылдың күзінде Қорғаныс комитетінің шешімімен Қазақстан мен Орта Азияда құрылыс батальондары, жұмысшы колонналары құрыла бастады. Оның құрамына әскери қызметке жарамсыз, еңбекке жарамды азаматтар алынды. Еңбек армиясына барғандар әскери қызметпен теңестіріліп, арнайы отрядтар құрылды.

Еңбек армиялары кеңес дәуірінде азаматтарды еріксіз түрде әскери қара жұмыстарға мәжбүрледі. Соғыс кезінде Еңбек армиясы қатарында болғандар екі категорияға бөлінді. Бірінші категория моральдық-саяси белгілері бойынша майданға шақырылмаған, арнайы қоныстандырылған халық өкілдерінен құрылды. Екінші категория бойынша көпшілігі ұжымшар тұрғындары болып табылатын 200 мыңдай қазақ та шақырылған екен.

1941 жылы 28 тамызда СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының немістерді Қазақстанға қоныс аударту туралы жарлығы шығады. Майдан даласында кескілескен шайқастар өтіп жатса, тылда еңбекке жарамды ересек адамдар Еңбек армиясына жұмылдырылды. Еңбек майданына әртүрлі ұлт өкілдері алынды: орыстар, украиндар, казактар, татарлар, ең бірінші кезекте 16 мен 50 жас аралығындағы неміс әйелдері, 16-55

жас шамасындағы неміс ерлері алынды. Неміс әйелдері ауру болса, 3 жасқа дейінгі жас балалы болса және оны қарайтын отбасында басқа адам болмаса, күйеуі орыс болса Еңбек армиясынан босатылды... Шығыс Қазақстан облыстық құжаттар мекемесіндегі мұрағаттармен таныса келе, Еңбек армиясына Қазақстанға еріксіз қоныс аударылған неміс ұлты көбірек алынғаны байқалды.

Еңбек армиясын жұмылдырумен облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттерінің арнайы құрылған бөлімдері айналысты. Осы бөлімдер жұмысшылардың нақты санын, жынысын, жасын, ұлтын анықтап, шақыру пунктіне жинап, жұмыс орнына жіберіп отырды. Шақырған мерзімге жиналып, өздерімен бірге он күнге жететін азық-түлік, жылы киім, төсеніш ала шығуға міндеттелді. Шақырылғандардың тез арада жиналып, медициналық комиссиядан өтуі, аттанып кетуі НКВД мен әскери комиссариаттың қатаң бақылауында болған.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында «Еңбек армиясы» қатарында болған кеңестік немістердің тағдыры туралы біраз мақалалар жарық көрді. Олардың да Ұлы Жеңісті жақындатуға ерен еңбек үлгісімен үлес қосқаны шындық. Ал осы Еңбек армиясына алынған қарапайым колхозшылар туралы да айтылмай жатыр. Жобаны қолға алған соң, «осы жобаға қатысыңыздар, әр ауылда Еңбек армиясына қатысқан адамдар, өздері жоқ болса да балаларының көзі тірі ғой, хабарласыңыздар!» – деп сауын айттым. Осы мақсатпен Шығыс Қазақстан облыстық мұрағатынан Еңбек армиясына қатысты құжаттарды ақтардым.

Мысалы, 1942 жылы Челябині облысының Сосновский ауданына 87 адам жіберілген. Әйел-ері аралас бәрі де неміс ұлтынан (Қ-532; Т-4; І-59; Б-288). Олардың қандай жұмыс атқаратыны туралы жазылмаған. Барлық құжатта «секретно» деген жазу бар.

1943 жылы қаңтар айында «Калбаолово» кенішіне тек қана Ұлан ауданынан 101 адам жіберілген (Қ-532; Т-4; І-124; Б-18). Құрамында әртүрлі ұлт өкілдері бар. Көбі шала сауатты колхозшылар.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі «Еңбек Армиясы» 10 жылға жуық уақытқа созылған. Өйткені соғыс аяқталғанымен, экономикасы шайқалған алпауыт мемлекет зауыт, фабрикалардың әрі қарай жұмысын жандандырып, бейбіт өмірге көшу үшін жұмысшыларды ұзақ ұстауға мәжбүр болды. Соғыстан аман қалғандар жеңімпаз болып елдеріне қайтты. Рас, құрмет те, атақ та, марапат та соларда болды. Олардың ерлігі ерлік-ақ! Ал Еңбек армиясына қатысқандар үшін соғыс әлі аяқталмаған еді. Тіпті сол аяқталмаған күйі қалғаны жасырын емес. Неге дейсіз бе? Соғыс аяқталғалы 75 жыл уақыт өтті. Еңбек армиясына қатысқан бір азаматтың еңбегі айтылғанын естімеппін. «Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Еңбек армиясы қатарында болған шығысқазақстандықтар» атты жобаны қолға алған соң бірталай іздендім. Газет-журналдарда некен-саяқ мақалалар болмаса, солардың бір марапат алғанын, билік тарапанынан ескерілгенін байқай алмадым.

200 000-нан астам қарапайым колхозшылар да Еңбек армиясы қатарында болған. Еңбек армиясындағы адамдардың тұрмыстық-материалдық жағдайы өте ауыр болды. Арнайы қоныстандырылғандардың көп бөлігі ауру мен аштықтан қырылды. Мындаған қазақстандық Еңбек армиясы құрамында металл балқытатын мартен пештерінде, канал қазу жұмыстарында, өзге де адам төзгісіз жанкешті еңбекті қажет ететін қара жұмыстарды атқарды.

«Еңбек армиясы» қатарында жаумен мылтықсыз соғысқан ерлердің бірі күршімдік жерлесіміз – Исанов Манасбай, 1915 жылы туған. 1942 жылы Күршім аудандық Әскери комиссариатымен әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Бірақ соғысқа жіберілмей, Челябинск қаласындағы қорғаныс қару-жарақтарын шығаратын ірі металлургиялық зауытқа жұмысқа апарылады. Таңның атысы, күннің батысымен есептеспей еңбек етіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға жанқиярлық еңбекпен үлес қосқан жұмысшылар жағдайы өте ауыр болды. Жылы төсек, тойып тамақ ішу деген үш ұйықтаса түстеріне кіргенді қойып, естіп көрмеген. Сыз барақтағы ағаш сәкіде жатып ұйықтап,

қандала мен бүрге таланса да, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен, ертеңгі күнге деген сеніммен адам төзбес жағдайда күніне 12-14 сағат еңбек еткен. Манасбай Исанов сол зауытта еңбек еткен жалғыз қазақ болған екен. Пеште қатты жарылыс болып, құлағы естімей, саңырау болып қалады. Біраз ем-дом алып, жазыла қоймаған соң, 1945 жылдың басында елге қайтады. «Еңбек армиясы» қатарында болған көптеген біздің жерлестеріміз сияқты Манасбай атаның да еңбегі ешқашан не жазылып, не айтылып көрген емес. Тіптен өзін соғыстан қашып кеткен адамдай сезінген күндері де болыпты. Әр жыл сайын тойланатын Ұлы Жеңістің мерекелік шараларының біріне де шақырылмай, еш еленбей, сол ауыр еңбектің зардабынан 1971 жылы 56 жасында өмірден өтті.

Ал катонқарағайлық Қасен Ыбырайымов Семей қаласында екі ай дайындықтан өтіп, енді қолға қару алып, Отан қорғауға аттанамыз ба деп жүргенде бір түнде эшелонмен Қарағандыдан бір-ақ шыққан. Сөйтіп, 1941-1945 жылдары Еңбек армиясы қатарында Майқұдық көмір шахтасында әскери борышын өтеген. Соғыс жылдарындағы 4 жыл ішінде Қарағанды шахтасы тарихи мәлімет бойынша 34 млн. тонна көмір шығарған. Бұл өндіріс орнының бүкіл өмір бойы шығарғанынан 3 млн. т. артық. Техника дамымаған кезде қайламен, күрекпен қазып алынған мол көмірде біздің жерлесіміз Қасен атаның маңдай тері, адал еңбегі, зардап шеккен денсаулығы, еңбегі жоқ деп кім айта алар екен? Сыз, төбесінен су тамшылап тұрған қаракөлеңке, қуықтай тар шахтада бел жазбай көмір қопарып, оны вагон арбаға тиеп, сыртқа жөнелтіп, поездардың тоқтаусыз жүруін, зауыттардың үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етпесе жауға атылар әр оқ уақытында жасалар ма еді? Өмір сүруге ешқандай жағдай жасалмаған сыз барақтағы сабан төсеніште жатып, ашқұрсақ жүріп, еңбек көрігін қыздырған, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен «қаруланған» Қасен ақсақалдың ауыр жұмыстан отыз екі тісі жасына жетпей түсіп, қызыл иек болып қалған еді. Міне, Еңбек армиясының зардабы қандай болған?

Ал марқакөлдiк Салих Кемешұлы Зайсан ауданында МТС-та еңбек еткен. Әскерге деп шақырылып, қолының шеберлігін байқаған басшылар Еңбек армиясы деп ауылшаруашылығы жұмысына шеккен. Ұстаханада бел шешпей молотилка, плуг жөндеп еңбек көрігін қыздырыпты. Бір қызығы іргедегі Марқакөлде тұрып жатқан семьясына хат жаздырмаған. Алуан түрлі тағдыр, алуан түрлі өмір деген осы да.

Сарғайып тозығы жеткен мұрағат құжаттарын ақтара отырып, Ұлан аудандық әскери комиссариатының тізімімен қаншама жерлестеріміз Еңбек армиясына аттанғанының куәсі болдым (қор-532; т-4; і-97). Әр тізімде жұмысшының туған жылы, әскери лауазымы, партиялылығы, ұлты, білімі, тұрғылықты жері көрсетілген. Жіберілген жерлері әртүрлі – Сібірдің Загорск қаласы, Бузулык станциясы, Челябинск металлургия зауыты, Пермь қаласы, Семей ет комбинаты, Кузбас шахтасы, «Калбаолово» кен басқармасы. Горький артиллерия зауыты, Ташкент, Ашхабат қалалары, Лениногор кеніші, Зырян металлургия комбинаты т.б.

Моральдық-әлеуметтік жағынан өте төмен саналған осы аянышты тағдыр иелерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі өлшеусіз. Әлі күнге дейін қоғамда лайықты бағасын ала алмаған осы «трудобойлар» туралы ащы шындықтың айтылмай жүргені рас. Тіпті көркем әдебиетте де аз қамтылған. Жерлесіміз Оралхан Бөкейдің «Бәрі де майдан» хикаятын оқыңызшы. Еңбек армиясында болып, ешбір еленбей, еленгенді қойшы, «құдай-ай адам ба десем, трудобой екен ғой» деген сөзді ғана естіп өткен Ақан тағдырына бей-жай қара алмайсыз. Соғысқа деп аттанған Ақан майданға апармай, қара жұмысқа салады деп әсте ойламаған. Свердловск облысының ең даласында қақаған аязда, қалың қардың астындағы «огнеупорный глина» деген ақ топырақты күрек, қайламен қазып, күніне он-он екі сағаттан жұмыс істеген. Отқа төзгіш топырақтан металл балқытатын қазандар жасайды екен. Оның не үшін керегі айтпаса да түсінікті...

Хикаяттағы Ақан бейнесі Оралханның әкесі Бөкейдің прототипі. Хикаятты бірнеше рет оқып шықтым. Жүрегімді аяныш па белгісіз бір сезім билеп, Ұлы Отан соғысының

қырғынына қатысып, аман оралған әкемді есіме алдым. Жыл сайын өтетін Жеңіс мерекесіне ауылдық клубқа барып келгенде көңілі көтеріліп, мәртебесі өсіп қалатын. Еш сыйлық алмаса да құрметке бөленіп, еленгеніне мәз болатын. Артық сый-сияпат тілемей, «тәубә» деп өткен адам еді. Міне, сондай қарапайым құрметке де бөленбей өмірден өткен «трудобойлар» ерлігін дәріптеу біздің міндетіміз. Ол құрмет өліге емес, тіріге – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде, төзімділікке, отансүйгіштікке баулуда таптырмайтын құрал.

Біздің бастамаға үн қосып әкелері туралы материалдар жіберген оқырмандарымызға алғысымыз шексіз (<http://krav.pushkinlibrary.kz/kz/y-zhe-iske-70-zhyl/e-bek-armivasy/9-uncategorised/2856-b-ri-de-majdan.htm>).

Кітапхананың «Ұлы Отан соғысы кезіндегі Еңбек армиясына қатысқан шығысқазақстандықтар» жобасы жалғасын табуда. Қажет материалдар жиналған соң, электронды кітап шығару жоспарланып отыр. Сауапты іске ат салысып, әркім өзі білетін Еңбек армиясының қаһармандары туралы мақала, сурет жіберсе құба-құп болар еді. Біздің электронды адрес: spavka@pushkinlibrary.kz

З. Сіләмова

*А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан
облыстық кітапханасының өлкетанушы-библиографы,
Мәдениет саласының үздігі*

Чтобы помнили:

восточноказахстанцы в Трудовой армии
в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.)

Великой Победе 75 лет. В этом подвиге слились воедино и высокое мастерство военачальников, и мужество солдат, партизан, участников подполья, и самоотверженность труженников тыла. Значителен и вклад трудармейцев в общее дело разгрома врага.

Так называемая трудармия - одна из самых трагичных и все еще мало изученных страниц Великой Отечественной войны. Термин «Трудовая армия» или сокращенно «трудармия» является неофициальным. Трудармейцами называли тех, кто в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. был мобилизован для выполнения принудительной трудовой повинности.

Основной контингент трудармейцев составляли этнические немцы, депортированные с Поволжья. Попали в трудармию и интернированные финны, румыны, итальянцы, венгры и другие народы. Это были люди с трагической судьбой. Их положение мало чем отличалось от положения заключенных: они жили за колючей проволокой, их водили на работу под конвоем... А между тем именно руками трудармейцев в тяжелейших каторжных условиях, за пайку хлеба, были построены десятки тысяч государственных объектов и была создана мощь страны, которая обеспечила победу в Великой Отечественной войне.

В юбилейный год Победы Восточно-Казахстанская областная библиотека имени А.С. Пушкина инициировала проведение областного краеведческого исследования по выявлению судеб восточноказахстанцев, мобилизованных в трудармию. Первые результаты исследования стали серьезным заделом к началу работы над электронным изданием с одноименным названием.

Максимова М.М.

*Руководитель Центра знаний Восточно-Казахстанской
областной библиотеки имени А.С. Пушкина*

Еңбек армиясындағы қазақтар



Ұлы Отан соғысы кезеңі тарихында Еңбек армиясына шақырылғандардың тағдыры осы уақытқа дейін «ақтаңдақ» болып қалғанын атап өту әділдік болар еді. Сұрапыл соғыс жылдары Еңбек армиясына республикадан 200 мыңнан аса қазақ шақырылды.

Олар Сібір, Орал, Орталық Ресей аймақтарындағы өнеркәсіп орындарына жұмысқа жіберілді. Тарихи деректер бойынша, олардың 20 мыңы Орал өнеркәсіп орындарына, 16 мыңы Кузбасқа, 13 мыңы

Магнитогорск комбинатына жіберілген. Бұл аймақтардағы архив қорында Еңбек армияшылары туралы көптеген деректер хатталғаны сөзсіз.

Сол бір жылдары Еңбек армиясына шақыру әскери комиссариаттар, жергілікті партия, кеңес органдары, қаһарлы НКВД жүйесі арқылы жүргізілді. Адамдарды шақыру және оларды әрі қарай кәсіпорындарға жөнелту көбіне олардың денсаулығы, қарапайым тұрмыс жағдайы ескерілмей жүргізілді. Еңбек армиясына алынғандарды жергілікті әскери комиссариаттар жинақтаса, ал оларды жеткізуді және кәсіпорындарға тапсыруды НКВД қызметкерлері орындады. Еңбек колонналарының әскери комиссариаттар арқылы шақырылған, қарапайым халықтан жасақталған отрядтары, депортацияланған және басқа да сенімсіз адамдардан құралған еңбекпен түзеу лагерьлерінің режимінде ұсталды. Еңбек армияшыларының бұл екі санаты қатарындағылардан құралған үлкен топтар Қазақстаннан тыс жерлердегі кәсіпорындарға жіберілді. Мыңдаған қазақ Оңтүстік Оралдағы ірі өнеркәсіп орталықтары: Свердловск (қазіргі Екатеринбург), Молотов (қазіргі Пермь), Нижний Тагил, Магнитогорск зауыттарында, Кузбасс көмір шахталарында, Челябині, Красногорск жылу электр орталығы, көмір бассейнінің шахталары мен құрылыстарында еңбек етті. Қазақтар 1942 жылдың қақаған қысында ашық аспан астында 30-40 градус аязда Магнитогорскінің 6-шы домнасы үшін қазаншұңқыр қазды, ең ауыр жұмыстарға жегіліп, құбырларды тиеу, түсіру, тасу, балғашылар ретінде пайдаланылды. Еңбек армиясындағылардың еңбегі бүкіл ауыртпалығымен каторгалық жағдайға тепе-тең болды, олар казармалық режимде ұсталды. Әскери адамдармен салыстырғанда еңбекке шақырылғандарды керек-жарақпен жабдықтау, олардың жалпы жағдайы екінші кезекте тұрғанын атап өту керек.

Соғыс жылдары Еңбек армиясына алынғандар туралы Пермь өлкесі Гремячинск қалалық архиві қорындағы «1942-1945 жылдары Гремячинск поселкасындағы көмір шахталарын салу жұмыстарында өлгендердің тізімі» деп аталатын істегі құжаттар мәліметі бойынша осы шахтада қоян-қолтық еңбек еткен қазақ, даргин, лезгин, авар, украин, өзбек, түркмен, орыс, қырғыз, молдаван, мордва, чех, чуваш, абазин, татар, еврей, поляк, неміс ұлтының өкілдері аштықтан, жұқпалы аурудан, суықтан баудай қырылған. Аталған архив қорындағы деректерде 1943 жылы шахта құрылысына қаңтар айында Қырғызстаннан, 4 ақпан және 16 сәуір күні Қазақстаннан, 16 шілдеде Түркменстаннан Еңбек армияшыларын алып келгендігі көрсетілген (с.10. Книга памяти. Российская Федерация. Пермский край, Гремячинский район. - Пермь, 2014). Еңбек армияшылары даладан сәл жылы болатын тоң жерден қазған жертөледе тұрды. Еңбек армиясы қатарындағылар ну орманда ағаш кесу, жол салу, шахта қазу, теміржол салу, жаңа салынып жатқан қалаға аса қажетті аурухана, мектеп, клуб, әкімшілік, тұрғын үй ғимараттарын салу жұмыстарына қатынасты. Олар еңбек еткен көмір шахталарындағы жұмысқол күшімен атқарылды. Шахта шурфына түсу-шығу жұмыстары да қолмен атқарылды. Шахтадағы көмір қазу ұңғымасына дейін жаяу барып, жаяу қатынап жұмыс жасады. Өндірілген көмір вагонеткаларға қолмен тиеліп, түсірілді. Олардың көпшілігі

шахтада ғана емес өндірісте мүлдем жұмыс істемеген, орыс тілін нашар білетін және ауа райының өте суықтығына, адам тынысын тарылтатын аса терең шахтадағы жаңа жұмыс орнына үйрене алмады. Оның басты себептерінің бірі - Еңбек армиясына алынған қазақтардың көпшілігі қарапайым колхозшылар болатын.

Соғыс жылдары жаңадан салынып жатқан көмір шахтасында бұрғылаушы, кейін инженер болып қызмет атқарған, еңбек ардагері В.Р. Гебель өз естелігінде: «Маған көмекші ретінде бөлінген Дәулетбаев орта жаста, шымыр денелі, қайратты, оншақты орыс сөзін ғана білетін қазақ. Оның негізгі міндеті шпурды (тау жыныстарын қопару үшін бұрғылап тесіп, қопарғыш затпен толтырылатын қуыс) бұрғылап жатқан бұрғылаушының бұйрығы арқылы электрбұрғыны қосып, сөндіріп тұру болды. Ол әрдайым шахтаға түскен кезде ұзын ұлттық шапанымен және малақайымен түсетін. Шахтаның шруфына түсу қиямет болатын, себебі оған түсетін баспалдақтар мен басқыштар мүлдем болмады. Жалпақ ағаштан қапталған жерасты көмір қабырғасына жету үшін Дәулетбаев екеуіміз көп күш жұмсайтын едік. Жар жағалап келе жатқанда, абайсызда аяғың тайып кетсе құрал-жабдықтарыңмен шыңырауға құлап, құрдымға кету қаупі жиі болатын. Жаны киналып, қаратерге түскен ол әрдайым қазақша, орысша балағаттап, көмір қазатын қабырғаға жеткен бойда шапанының ұзын етегін астына төсеп, қауіпсіз жер тандап алып, жұмыс аяқталғанша малдас құрып, тапжылмай отырушы еді. Көмір қазып жатқан мен бұрғыны сөндіруге бұйрық берген уақытта ғана 80 метрлік желі бойындағы түймені басып өшіріп, қос деген уақытта қосатын. Кезекті жұмыс күні қатты шпур қабатына кезігіп, ұзақ бұрғылауға тура келді. Бұрғылауды аяқтаған мен бұрғыны сөндіріп деп айқайладым. Дәулетбаев дыбыс бермеді. Жоғарыдан электр желісіне қосылып тұрған бұрғыны ұзақ ұстап тұру мүмкін емес. Сондықтан, мен іске қосылып тұрған бұрғыны тастай салып жанұшырып, сөндіру нүктесіне жүгіріп жетсем, шаршаған, әрі ашқұрсақ көмекшім Дәулетбаевтың көзі ілініп кеткен екен. Балағаттаудың кезегі енді маған келді, ұйқылы-ояу не болғандығын, өзіне неге айқайлап жатқандығын түсінбеген ол көзін жыпылықтата берді», – деп еске алады (Гебель В.Р. Это было недавно, это было давно (из записок первостроителя г. Гремячинск). – Гремячинск, 1999 г.).

Барлық жерде техника жетіспегендіктен, көп жұмыс қолдың күшімен атқарылды. Еңбек армияшылары әдеттегідей қара жұмысшы ретінде пайдаланылды, жағдайлары өте ауыр болды. Аштық, қатты суық, жұқпалы аурулар адамдарды баудай түсіретін. Архивтегі жасақталған тізім бойынша Басабай Түгелбаев (05.01.1943), Бутумбаев Саят (25.03.1943), Арқұлақ Орнанадиев (1913 ж.т.-21.10.1943), Қосыбай Атаев (1887 Ж.Т.-14.12.1943), Сағат Атаев (20.12.1943), Истен Алдияров (1889 ж.т.-22.12.1943), Шәріп Құматов (10.12.1943), Әли Құрамбаев (29.12.1943), Лабай Атаев (1890 ж.т.-29.12.43), Сапармай Құтымов (1898 ж.т.-31.12.1943), Қаба Қадыров (31.12.1943), Бисик (Бисек) Мухаметжинов (Мухамбежинов) (1891ж.т.-09.01.1944), Банкен (Байкен) Сабанқұлов (1887 ж.т.-20.01.1944), Жомарт Бигшиев (1893-30.01.1944), Жұмырмай Бегаджанов (1891ж.т.-30.01.1944), Мұсабек Төлендин (1891 ж.т.) сияқты Еңбек армиясы қатарына алынған қазақтар ағзаға азық сінбеуі мен жүректің нашарлауынан дистрофия ауруына ұшырап өлген (Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Фонд-63, опись-1, дело- 69, л.л 1-14). Бұл бейбақтардың барлығы дерлік елу жастан асқан шағында қыстың қақаған қытымыр аязында желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында бақилық болған. Еңбек армиясы қатарындағылар күнделікті тиісті азық-түлікпен толық қамтамасыз етілмеді, еш уақытта тоя тамақ ішпеді, діңкелеткен ауыр қол жұмысы, ауру-сырқау, қыстың боранды да үскірік аязы оларды шыбынша қырды.

Архив құжатында көрсетілгендей, қыстың суық айларында тізім бойынша 639 адам аштан, аурудан, суықтан өлген. Архив деректері мәліметіне қарағанда, өлгендерді жерлеп үлгермеген. Өліктер көметін команда дистрофиктерден (тоя тамақ ішпеуден әлсіреу) құрылғаны да көп жағдайдан хабардар етсе керекті. Өліктерді қар астына көміп, жаз шыққанда ғана топырақпен беттерін жапқан.

Соғыс жылдары республика әскери комиссариатының тарапынан Еңбек армиясына адам алу тұрақты жүргізілді. Оның құрамына көбіне арнайы қоныс аударылған немістер алынатын. Жоғарыда аталған архив дерегі бойынша, 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың сәуір айлары аралығында Еңбек армиясында жұмыс істеген 16-50 жастағы 396 неміс ұлтының өкілі ажал құшқан. Ал 1944 жылдың 8 ақпан күні 1927 жылы туған азаматтарды есепке алу барысында толтырылған құжатта 47 қазақ ұлтының өкілі тіркелген (Пермский государственный архив социально-политической истории. Фонд - 105, опись -10, дело -150, л. 32).

Тек 1943 жылдың ортасында, Еңбек армиясына алынғандар жұмыс істеген жерлерден түскен хабарлар мен дабылдардан кейін ғана өз республикасынан тыс жерлерде жұмыс істейтін ұлттық Еңбек армияшыларына назар аударыла бастаған болатын. 1942-1948 жылдар аралығында Гремячинск поселкесінде Еңбек армияшылары мен соғыс тұтқындарының қажырлы еңбегінің нәтижесінде 10 көмір шахтысы іске қосылып, пайдалануға берілді.

Еңбек армиясындағылар жеңіс жолында жан аямай еңбек етіп, қалыпты соғыс экономикасын жасауға өз үлестерін қосты. Сол азапты жылдарды бастарынан кешірген жерлестеріміздің біршамасы туған жеріне оралса, кейбірі сол жақта суық жер қойнында мәңгілікке қалып қойды. Тірі қалғандарын Жеңіс қуанышы, аз да болса тіршілік ету сияқты қым-қуыт өмір күтіп тұрды.

*Ахмет, А. Еңбек армиясындағы қазақтар: Мәтін / А. Ахмет. –
// Ақиқат. - 2020. - №5. - Б. 42-44.*

ЕҢБЕК АРМИЯСЫНЫҢ ЕРЛЕРІ

ИСАҚАНОВ БӨКЕЙ (1915-1984)



Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін тарих қойнауындағы «ақтандақ» болып келген кезеңдер біртіндеп ашыла бастады. Әсіресе халық зердесінде қызыл қанмен жазылған саяси репрессия, ашаршылық және Фин, Ұлы Отан, Жапон соғыстары. Соның ішінде Ұлы Отан соғысы кезеңі тарихында Еңбек армиясы қатарына шақырылып, көрген азапты өмірі осы уақытқа дейін ашылмаған, мылтықсыз майданда болған азаматтар туралы зерттеп және зерделеп «ақтандақ» жылдар құрбандары қатарына жатқызатын уақыт жетті.

Қазақстаннан қаншама жазықсыз жандар Орталық Ресей, Сібір, Орал аймақтарына қара жұмысқа жіберіліп, жан түршігерлік ауыр жағдайда еңбек етті. Тарихи мәліметтер бойынша 20 мың қазақ азаматтары Оралдың өнеркәсіп орындарына жіберілген. Олардың қатарында шығысқазақстандық Исақанов Бөкей бес жыл Еңбек армиясы қатарында қара жұмыста еңбек еткен. Катонқарағай әскери комиссариаты соғысқа жарамды ер азаматтарды жинап Өскемен қаласына жеткізген. Осы жерден бір тобы майданға, екінші тобы Еңбек армиясына жасақталған. Еңбек армиясы қатарына алынған азаматтардың денсаулығы, тұрмыс жағдайына мүлде қарамаған, оларды баратын өнеркәсіп орындарына



бөлу және қадағалау жұмыстарын қаһарлы НКВД жүргізген, бақылауында ұстаған.

Шыңғыстайлық Исақанов Бөкей, Қайсин Қабілмәлік, Охин Бурахан бір жерде – Оралдағы ірі өнеркәсіп орталығы Свердловск (қазіргі Екатеринбург) құрылысындағы Белка руднигінде Еңбек армиясының қара жұмысын атқарды.

Жұмысты он-он екі сағаттық кезеңмен істеді. Қазатындары «Огнеупорный глина» деп аталатын ақ топырақ, экскаватор қазған тоң топырақты қолмен тиеу және ну орман ағаштарын кесу жұмыстарын жасады. «Кеппеген жас ағаштан жасалған шпал мен иығынды езіп жіберер темір жолды көтеріп, үнірейген карьерге қарай мықшындайсың. Сенің артыңнан тырмыса вагон итеріп басқалар ереді... Арпалысқан адамдар, жанталасқан қимыл, жан тапсыра қимылдаған жұмысшылар. Таусылып бітпес қозғалыстан әбден қажыған, салдары суға кете итырықтағандар орман арасында құмырсқаша құжынайды. Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін! Әттең, сол кездегі «трудоармияны» киноға

түсіріп алса ғой, өкінішке орай, газеттенбіз деген бірде-бір журналистің төбесін көрген емеспіз», – деп еске алатын.

Еңбек армияшылары ағаштан қиып салынған, қыста даладан сәл ғана жылы болатын тоң баракта ағаш нарды төсек етті. Жамылатын көрпе де, жастық та сабан болды. Барактың іші қаншалықты суық болғанымен, соншалықты қапырық, шуаш пен тер иісі тұншықтырып, түнімен қандала талайтын. Киер киімге де жарымады.



Тамақ та нашар болды. Бір уақ ыстық тамақ берген болады, ол қышыма мен саңырауқұлақ қосылған кара көже. Үсіген картоппен тамақтанғандар үсік шалғандай ісініп ауырып қалатын. Еш уақытта тоя тамақ ішпеді, дінкелеткен ауыр қол жұмысынан әбден әлсіреген адамдар қыстың бораны мен үскірік аязына шыдай алмай қырылды. Жігіттердің көпшілігі ауру жұқтырды және денсаулықтары нашарлады. Майдан өтінде жүрген жауынгерлерге қарағанда Еңбек армиясындағы еңбек жауынгерлерінің хал-жағдайлары төмен болды. Соғыстағыларға поек тамақ уақытылы берілді, ал Еңбек армиясындағы жауынгерлердің тамағы өлместің күнін көру еді. Сол кезде өлгендер саны көп болды. Өліктерді қар астына көміп, жаз шыққанда ғана кездескендерінің бетін топырақпен жапты. Ит пен құсқа жем болғандары қаншама?! Соған қарамастан аянбай еңбек етіп, соғыс қару-жарақтарын жасауға өз үлестерін қосты. Көпшілігі соғыссыз-ақ үйлеріне

оралмады.

Еңбек армиясы қатарында ауыр жұмыста шындала түсіп, басқа ұлт өкілдерімен достасып, қимас достар да тапты. Ұлтына және дініне қарамастан тірі қалу жолында бір-бірлеріне сүйеу бола білді. Атам өзінің досы Иван жайлы «саяси сауатты, қайратты жігіт еді, ауылдастардан да жақын бауыр басып қалдым, бірақ жолымыз екі айырылды», – деп еске алатын.

Кара жұмыста аш-жалаңаш жүріп қайтпас қайсарлықтың, кісіліктің және адалдықтың үлгісін көрсетіп, қиындыққа төтеп бере білген еңбек жауынгерін Орал руднигінде коммунистік партия қатарына қабылдады. Қайсар рухты халықтың өкілі екендігін дәлелдеп берді. Соғыс аяқталған соң Еңбек армиясындағыларды елге қайтармады, еңбек майданын ары қарай жалғастырды. Атам Бөкей: «Ал, мені 1946 жылдың жазында асқазан ауруым асқына берген соң, еңбек әскері қатарынан біржола босатты», – деп отыратын.

Еңбек армиясы Бөкей әулетін екі жақты қыспаққа алды. Елдегі қалған жары Күлия Әтембекқызы, жас үш қызы және туыстары он адамнан тұратын үлкен жанұя да «Еңбек армиясының семьясы» деген тізімде болды. Соғыс уақытында ауылда тылдағы еңбекке жұмылдырылды және бұл семья «Әскери салық» төледі. Әскери салыққа Бөкейдің күмістелген ер тоқымын, семьяны асырап отырған жалғыз сиырды және ақшалай салық алған, тіпті баспаналарын беруді талап еткен. Сол кездегі атқамінерлер апамды колхоздың ең ауыр жұмыстарына жұмсаған. «Сенің жарың соғыста майдан даласында жаумен шайқасып жүрген жоқ, Еңбек армиясында, сол себепті ең ауыр жұмыстарға барасын» деп ауыр жұмыстарға жұмсап отырды. Кетпен ұстап жер қазу, пішен шабу, наубайханада нан пісіру, пима басу жұмыстарының бәрін атқарып семьясын асыраған.

Еңбек армиясы қыспағынан құтқарған – жан ұшыра екі жақты атқарған адал еңбек болды. Бөкей әулетінің Алла тілеуін берді, сұрапыл соғысқа әкесі аттанған кезде ана құрсағында қалған нәресте өмірге келді. Үш қыздан соң ұрпақ жалғастырар ұлды болып, атын Оралдан Бөкей оралып аман-есен келсін деп ырымдап Оралхан қойды.

Қандай ауыр тұрмыс та, соғыс пен тартыс, қайшылық та адам баласына бақытты өмірдің бар екенін ешқашан ұмыттыра алмайды. Бөкей мен Күлияның жалғыз ұлдары ел таныған азамат болып ер жетті. Алты алашты аузына қаратқан жазушы болып, әкесі мен шешесінің басынан өткен өмір жолдарын ақ қағаз бетіне түсіріп 1982 жылы «Бәрі де майдан» повесін жазып шықты.

Жазушы Оралхан Бөкей: «Мен бұл шығарманы жазу үстінде зәредей де өтірік қоспауға тырыстым. Қазіргі заман әдебиетіндегі озық үлгілерді біле тұрсам да, ой айтудағы ондай тәсілдерді пайдаланғым келмеді. Философиялық тереңдік пен психологиялық иірімдерге құрмай, естіген оқиғаны қаз-қалпында баяндағаным, қиялдан алынған образды сылап-сипап, әдемілеуден қашқаным шығар. Таланды тағдыр мен қиял-қалтарыстары мол өмірді сол күйінде қағазға түсіруіме себепкер болған – қара жерде қарбанып жүрген қарапайым ауылдастарымның болмыс тіршілігін, қайғы-қасірет, жақсы-жаманын шыншылдықпен оқушыма әңгімелеп беруге ұмтылғаным еді», – деп аяқтайды.

Бұл шығармадағы Ақан – әкесі Бөкей Исақановтың, Алма – шешесі Күлия Әтембекқызының прототиптері.

Өмірдің қилы бояуларына толы қиындықтарды жеңе алған қайсар рухты халықтың өткеніне деген құрмет ретінде жазылған тарихи шығарма мемлекет тарапынан бағаланып Оралхан Бөкей «Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты» атанды. Адал еңбек пен асқақ рухты адал азаматтарға арналған мәңгілік ескерткіш деген осы болар.

PS.: Атам мен апамның суреттерін жеке жібермей бірге жіберіп отырмын. Адам басына түсетін бар ауыртпалықты бірге жеңіп, елге танымал ұл-қыз тәрбиелеп бірге бақытты ғұмыр кешті.

Құрметпен, Ғалия Бөкейқызы

**Қазақ Ұлттық өнер университеті Ақпараттық-кітапхана қызметінің басшысы,
«Kitap patshalygy.qz» журналының бас редакторы**

Көккөл мен Ақын

немесе Тамұқта тұтанған лирика



... Төр Алтайдың төрінде, жалама беті шап-шағыр көксауыр мұз жамылып, кепештігі көктің кіндігін түртіп тұрған Мұзтау деген алапат қатерлі, шапшыма шың бар. Оның қызығы да, шыжығы да, тіпті бар абыройы мен ожданы да сонда, Мұзтаудың күн ғана сүйген кепештігіне екі аяқты ажалды пенделердің шыққаны некен саяқ. Саусақпен санарлық. Осы қартамыш Алтайдың аты аңызға айналған, адамды қойып жыртқыш аңдардың өздері безіп кеткен мекенінің қамшылар жақ бүйірінде, драма мен трагедияға толы XX ғасырдың бірінші жартысында Көккөл атты кеніш болған көрінеді. Кеніштің Төменгі лагері мен Жоғарғы лагері арасындағы үлкен қолатта, жол жиегіндегі үйдей жартастың бетіне қашап жазылған бір шумақ өлең бар болатын дейді білетіндер. Оны жазған – шабыты шамырқанғанда нойыс бұлттарды бір-біріне соғып жай ойнататын, Қаратайдың мақтанына айналған үкілеген ақыны Ақтан Нұрбаев екен. Ол жасөспірім шағында сол кеніштің ұстасы болыпты. Қой, бәрін де басынан бастайын.

Бала кезімізде, ой-өрісіміз шала кезімізде үлкендердің аузынан Көккөл жайлы үзіп-жұлып, басы да, аяғы да шолақ шала-пұла әңгіме еститінбіз. «Соғыстың алдында ашылыпты. Совет халқының көсемі Сталиннің тікелей жарлығы болыпты дейді. Еңбек армиясына алынған, кәмелетке міне-міне толған жастар мен кәрі-құртандарды сонда апарып тоғытыпты. Қатыгез табиғат, қатал тірліктен пенделер шегірткеше қырылыпты. Көккөл-тамұқтан аман-есен шыққан бірен-саран жанкештілер қалған шолақ ғұмырларын булыққан күрк-күрк жөтелмен тауысыпты. Ол – жаңағы тамұқ-кеніштің сарқыты силикоз деген пәлекет көрінеді. Ойбай, айтпаңыз, тамұқты кім көріпті, әйтеуір онда болғандардың айтуларына қарағанда Көккөліңіз – фәнидің азабы мен тозағы дейді. Дейді...дейді...»

Міне, пенденің санасы мен болмыс қапшығын осындай үреймен, қорқыныш қоқсығымен толтырған Көккөл хақындағы боқсық әңгімелер, жантүршігерлік естеліктер Төр Алтайдың кіндігі саналар Катонқарағайда желдей есетін. Жөні де бар: жағырапиялық жағынан да, геосаяси түсінік бойынша да Көккөл таза Қаратай елінің меншігі саналатыны рас...

Әнеу бір – өткен ғасырдың соңғы онжылдығында, дүние асты-үстіне келіп, жетпіс жыл үстемдік құрған кеңестік жүйе жалп етіп құлап, ел ішін жоқшылық атты сүмелек кезген топалаң кезеңде Өрел кеңшары аумағында басшылық жасаған Ауғанбаев Сайфолла көкеміз ауылдардағы пләк, торсық, сабалардың барлығын жинатып, жаңағы Көккөлге үлкен салт атты керуен аттандырыпты. Атты керуен болатын себебі жалқы: Мұзтаудың бүйіріндегі тажал-кенішке басқалай көлік түрі жетуі мүлдем мүмкін емес. Көккөлдің Жоғарғы лагерінде ту сонау 1950 жылдардан қалған цистерналарда солярка қоры бар екен. Әлгі керуен артынып-тартынып, Көккөлдің сарқыты сынды солярканы көтерем шаруашылыққа жеткізген көрінеді. Бұл да өткен шақтың оты өшкен, күйелеш-күйелеш қоламтасы сынды әңгіме де. Ал, біздер ақын Ақтан тақырыбына қайтара оралайық.

Мағзүмәді Нұрбаев айтады, (ақын Ақтанның үлкен ұлы):

- *«Қазіргілер Ұлы Отан соғысы деп атап жүрген орыс-герман соғысы лапылдап тұрған кезеңде жергілікті жердегі жасы кәмелетке жаңа толған жасөспірімдерді де Еңбек армиясы деген желеумен қара жұмысқа жеккен көрінеді. Сол тізімге менің әкем Ақтан Нұрбаев та ілініпті. Оларды алғашында сол төңіректегі кеніштердің орталығы саналатын Шыңдығатайға әкеледі. Көккөл сондағы кеңсеге бағынған екен. Әкемнің қолы өте месекерлі болатын. Оған есейгенде өзімнің де көзім сан мәрте жеткен. Тіпті бала кезінің өзінде атасы Нұрбайға еліктеп темірден түйін түйіп, ағаштан неқилы таңғажайып дүниелер жасап шығаратынын, Берелдің кешегіден қалған есті жұрты күні бүгінге дейін әңгімелеп отырады. Жә, сонымен олар Шыңдығатай кенішіне келген кезде, сол жердегі ұста қатты ауырып, шаруаға жарамай, басшылар не істерлерін білмей дағдарысып тұрған екен. Әрине, кеншілердің қолдарындағы басты еңбек құралы – темір қайла, болат бұрғы. Олардың өткір, берік болуы - еңбек өнімділігінің кепілі. Құралдарды жасайтын да, қайрайтын да ұста.*

«Іздегенге – сұраған», әкемнің ұсталыққа бейімі, қабілеті барын білген басшылар, оны қоярда-қоймай ұсталыққа жегеді. Міне, 17 жасар жасөспірімнің кеніштегі тірлігі осылай басталған екен. Мен ойлаймын, оның силикоздан аман-есен қалуына ықпал еткен де осы ұсталығы болар деп. Қалай дегенмен жердің бетінде, вольфрам шаңынан алыстау жүреді зой. Онан соң Ақтан ұстаны Көккөлге ауыстырады. Міне, сол тамұқ кеніште мен туыттын. Менің кіндігім кешегі күні ажалды пенденің фәнилік тозағы болған, Алтайдың бүгінде әдірем қалған сол бір көртам биігінде қиылған...»

Катонқарағайға тиесілі Төр Алтайды жіліктеп, көркем метафорамен әдіптейтін болсақ, Мұзтау – Алтайдың тәжі, Көккөл – көксауыр саптамасы, Шыңдығатай – көгілдір көйлегі, Шабанбай – ақшәйі көрпесі. Қаратайдың тым-тым сыршыл, көбелек қанатының суылын, тасының жұпар иісін, жапырағының жүрек жырын, балдырғанының бал тілін қалт еткізбей ұғатын үкілеген ақыны Ақтан Нұрбаев міне, сонда, жаңағы Көккөлде желбіркөкірек жастық шағын қалдырыпты.

Көккөл – ХХ ғасыр трагедиясы. Соғыс алдында (1938 жылы) вольфрам, молибден шығарған. КСРО-ның қорғаныс саласына қызмет көрсетіпті. Вольфрамды болатпен араластырып, танкілердің сыртқы брони қаптаған. Сонда оның беріктігі артып, тіпті дәлдеп тиген снарядтың өзіне төтеп беретін көрінеді. Асыл текті руда оңай алғызбайды. Ауыл үйдің ауласында, не жол үстінде жатар болса, онда қандай қадір болмақшы. Сондықтан да вольфрам Алтайдың тағылар жортар қиянындағы құлазыған мекеннен тұрақ сайлаған. Сонау сұп-сұр шағылды шыңдардан Көккөлдің дәл өзіндей қатыгездік пен қасірет, таусылмас мұң мен шер, Көккөлдің дәл өзіндей тырдай жаланаş үскірік үреді. Тым-тым үрейлі. Көккөлдің кешегі шындығы – бүгінгі ұрпақ үшін аңыз. Аңыз болғанда да, жантүршігерлік оқиғалардың аса бір әшады, іріктелген түрі. Бүгінгі тоққүлкі: ішкен –

мәз, жеген – тоқ жастардың сене қоюы неғайбыл екендігін ішім сезеді. Неғайбыл – жетпей айтылған сөз. Басыңды шабамын десең де сенбейді. Көккөл – осыдан 80-90 жылдар бұрынғы социализмнің трагикомедия сахнасы. XX ғасырдың төрт мың метр биіктікте қайырлап қалған «Титанигі»... Десек те Ақтан ағамыздың Көккөлде қалған жылдарынан сауға сұрап, майдан қылшық суырып көруге тырыстық.

Қайырды Әлқанов көкеміз айтады, (Ақтан Нұрбаевтың замандасы):

- *«Көккөл кеніші 1938 жылдан 1955 жылға дейін жұмыс істеді. Онда тек қана вольфрам емес, молибден, уран сынды аса құнды металдар өндірілгені рас. Бұл жерде тіпті алтын да өндірілгенге ұқсайды. Бертін, 1965 жылдары Көккөлге барғанда таудың Ресей жақ бауырында алтын сүзетін қалбырлардың қаңқасына да жолыққанбыз. Ақтан Еңбек армиясы қатарында Шындығатайда да, Көккөлде де болды. Ол не көрмеді? Ондай жаны сірі жан арамызда сирек. Кеніштің ұстасы болу деген – аранын ашқан қауіп пен қатердің аузында болумен паранар деп отырушы еді кеншілер. Неге десеңіз, «Бәрі де Отан үшін, бәрі де майдан үшін!» деген айқұлақ ұранның құтырынып тұрған кезі. Кеншілер қайла, бұрғы, тағы да басқа құралдарының жетімсіздігінен жұмысын тоқтатар болса, ұстаның басы кететіні шындық. Кейіндері Ақтанның өзі: «Маған Алла Көккөлден тірі қайтуды, сегіз ұрпақ сүюді, шыр етіп дүниеге келгенде бойыма дарытқан ақындық дарыныммен аздап та болсын шұғылдануды, шығармашылық ләззатын татуды маңдайыма жазғанына, мың да бір алғысымды аманда алқалап отырамын. Көккөлдегі ит тірлік тіпті бертінге дейін түсіме еніп, шошып оянып жүрдім.*

Вольфрам деген зілмауырдай қап-қара тас. Бір дорбасының өзін әлеуетті деген жігіттердің өздері мықишып әрең көтеретін. Кеніште азаматтармен бірге қатын-қалаш, бала-шаға да еңбек етті. «Мынау нәзік әйел екен-ау, мынау бұғанасы қатпаған бала екен зой» деп мүсіркеу, аяу сезімі әдірем қалғаны сондай, олар шойырылып, мертігіп жатса да ешкім селт етпейтін. Тіпті қарауға, қамқорлық жасауға шаштың орнына басты алатын басшылар мұрша бермеді. Әлгі зілдей тас толтырылған қаптар Жоғарғы лагерьден Төменгі лагерьге дейін салт атқа өңгеріліп жеткізіледі де, ары қарай Өрелге дейін пар ат жеккен арбамен тасылады. Ол екі арадағы 110 шақырымдық жолда – шайтан аяғын сындырғандай. Қорымтаспен өрілген ешкіаяқ соқпақ. Мұқым кеншілер жанұямызбен даңғарадай үлкен әрі жыртық-тесігінен жел азынаған барақта бірге жатамыз. Шілденің өзінде тізеден қар жауып, сақылдаған аяз ұруы – Көккөл үшін қалыпты жағдай. Көккөлдің өз басында отындық ағашты қойып, тіс шұқитын иш де жоқ. Отын Төменгі лагерьден атқа теңделіп әкелінеді. Сондықтан, бастықтар барақтағы сырты мәңгі сыз тартып тұратын пештерге отынды шақтап, шөркелеп, санап қана береді. Онда адамша тұрмыс құру, адамша тірлік ету мүлдем мүмкін емес болатын. Ол кезде Адам факторы деген әлеуметтік құқық жасайлы әңгіме айту – қылмыс. Адамдардың жанын да, болмысын да Қорқыныш, Үрей атты шырмауықпен шырмап тастаған.

Адамды қойып атанды қалтырататын, қан түкіртер аязда қатын-қалаш, бала-шаға вольфрамды лотокпен сүзеді. Шайқайды-ай келіп. Вольфрам ауыр болғандықтан лотокта қалады да, қиыршық тастар шайылып кетеді. Адамның ит жандылығын мен алғаш рет сонда көрдім. Көккөлде жарқыраған ашық күн болғанын көргенім де жоқ, естіген де емеспін. Үнемі ақырет жамылған атпақ дүние, ақиқөз боран... Қалың қарда барақты таба алмай, ақ кебін арасында қатып қалғандар да болды, көшкі астында сіреу қарға қақалып жан тапсырғандар, аштықтан өлгендер қаншама! Көшкі демекші... Кеніштің руда алатын жері қайқайма қия бет. Таудың кепештігінен туралап түскен қар көшкіні біреу-екеу емес, топтасып бара жатқан кеншілерді тұтастай жұтып, етектегі көлдің алқымына апарып бірақ тыққан кездер де болған. Көкпеңбек мұз болып сіресіп қалған мәйіттерді алып шығудың өзі қиямет еді-ау... Қайтыс болғандарды Төменгі лагерьге апарып жерлейтінбіз. Мен бертінге дейін кейде жыл сайын, кейде жыл аралатып болсын, сүйектері сол Көккөлде қалған аруақтардың басына барып, бір аят құранымды оқып жүрдім. Тірілердің қолынан басқа не келеді?!

...Қайсыбірін айтайын. Анда-санда берілетін демалыс сағаттарында қойын қалтамдағы бір тұтам қаламымды алып, өлең жазатынымын. Ең басты қызық сонда, осындай жантүршігерлік азаптың бел ортасында жүрген менің қаламымнан ылғи бір жанға жайлы табиғат, өмірге деген шексіз сүйіспеншілік, төңірегімде жүрген адамдарға деген пенделік махаббат жайлы өлеңдер туатын. Біз – ертеңгі күндеріміз ертегідей жақсы болады, мына қиыншылықтар тек уақытша ғана дегендей есірік сезімге, есуас сөзге өлердей сенген ұрпақтар болдық. Құдайға шүкір, сүйішкілігім шығар, Көккөл тозағынан да аман-есен өткеніме үнемі тәубемді айтып отырамын» деуші еді жарықтық. Оның Көккөлде жазған өлеңдері кейінірек «Сырымды айтам» деген жинағында басылды да. Оны жинақтаған – үлкен қызы Гүлнар. Кенже ұлы Ержанның қаржылық демеуімен Ақтанның жырлары кейін екі том болып та басылды. Әкесінің рухани мұрасының қайтара жаңғыруына, оның жақсы жырларының ұрпақтар қолына толықтай тиюіне осы балаларының еңбегі ерекше сіңді. Мен ойлаймын, адам өмірін мәңгіліктейтін – ұрпақ! Міне, Ақтан Нұрбаев сынды ақын артына тек қана әдемі өлеңдер ғана емес, осындай саналары мен болмыстары биік ұрпақ та қалдырды. Ақтанның бақыты да сонда!».

xxxxxxxxxxxx

*...Торқалы жасыл мақпал майса кілем,
Көркіне тең келер ме жайса кілем.
Құлтырған өз өлкемнің осы өңірін,
Соңғы демім шыққанша айта жүрем..!*

Бұл – Ақтан ақынның жүрекжардысы! Бұл – Көккөл атты тозақтан аман-есен оралып, туып-өскен Алтайын жыр шәйісіне ораған, сонан соң ба, сонан соң оны лирикалық өлең бесігінде тербеген, көкірегінен пыр етіп ұшқан шыбындай жаны жастық шағының үлкен бір кесегі қалған Мұзтау биігіне барып мәңгілікке қонақтаған Ақынның ершіл дауысы! Ақынның Алтайына деген мәңгі өшпейтін махаббат лирикасы!

Тәубе, Көккөл атты тамұқтан Ақтан тірі қайтпаса қайтушы едік?!

**Әлібек Қаңтарбаев,
жазушы, публицист**

МАНАСБАЙ ИСАНОВ (1915-1971)



Фашист басқыншыларына ойсырата соққы берген Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойы қарсаңында А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы игі бастама көтеріп, «Ұлы Отан соғысы жылдары Еңбек армиясында болған шығысқазақстандықтар (1941-1945)» өмірін зерттеуді қолға алғанын естідім.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген Елбасының «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласы аясында қолға алынған сауапты істі қуана құптадым. Расында «Еңбек армиясы» қатарында болып, Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан осы бір қарапайым адамдардың ерлігі күні бүгінге дейін лайықты бағаға ие бола алмады. Бүгінгі ұрпақ «Еңбек армиясы» деген сөзді білмек түгіл естіген де жоқ. Оның қатарында болғандардың барлығы дерлік бүгінде өмірден өтіп кетті.

Олардың адам төзгісіз жағдайда еңбек етіп, ашқұрсақ жүрсе де дыбыстарын шығармай

Жеңіс жолында қандай да қиындықтарға төзе білген қайсарлығы, отансүйгіштігін бүгінгі ұрпақ білуі қажет.

«Еңбек армиясы» қатарында жаумен мылтықсыз соғысқан ерлердің бірі менің әкем – Исанов Манасбай, 1915 жылы туған. 1942 жылы Күршім аудандық Әскери комиссариатымен әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Бірақ соғысқа жіберілмей Челябинск қаласындағы қорғаныс қару-жарақтарын шығаратын ірі металлургиялық зауытқа жұмысқа апарды.

Таңның атысы, күннің батысымен есептеспей еңбек етіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға жанқиярлық еңбекпен үлес қосқан жұмысшылар жағдайы өте ауыр болды. Жұмсақ төсек, тойып тамақ ішу деген үш ұйықтаса түстеріне кіргенді қойып, естіп көрмеген. Сыз барактағы ағаш сәкіде жатып ұйықтап, қандала мен бүргеге таланса да «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен, ертеңгі күнге деген сеніммен адам төзбес жағдайда, күніне 12-14 сағат еңбек еткен. Менің әкем сол зауытта еңбек еткен жалғыз қазақ болған екен.

Соғыс аяқталуға жақындаған кезде пеште қатты жарылыс болып, құлағы естімей, мылқау болып қалады. Біраз ем-дом алып, жазыла қоймаған соң, 1945 жылдың басында елге қайтады. Елге оралған соң әкем Күршім ауданының Қаратоғай ауылында абыроймен еңбек етті. 1956 жылы Отан қамбасына миллион тонна астық өткізуге қосқан үлесі үшін «За освоение целинных земель» медалімен, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталды. Күләзия анамызбен шаңырақ көтеріп, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді.

«Еңбек армиясы» қатарында болған көптеген біздің жерлестеріміз сияқты менің әкемнің де еңбегі ешқашан не жазылып, не айтылып көрген емес. Тіптен өзін соғыстан қашып кеткен адамдай сезінген күндері де болыпты. Әр жыл сайын тойланатын Ұлы Жеңістің мерекелік шараларының біріне де шақырылмай, еш еленбей, сол жылдардың зардабынан 1971 жылы 56 жасында өмірден өтті. Кезінде мән бермеппіз, ештеңе жазып та алғамыз жоқ. Әкем де соғыс жылдарын еске алуды аса ұнатпайтын.

«Біздер, Еңбек армиясында болғандар, жаумен мылтықсыз шайқастық, сондықтан да өлім-жітім аз болды, сондықтан да қадірсіз болдық ...», – деген екен жазушы Оралхан Бөкейдің кейіпкері Ақан («Бәрі де майдан»).

Мен өзім ұзақ жылдар бойы халық ағарту саласында қызмет еттім. Өмірімнің көбі Қаратоғай орта мектебінде өтті. Көптеген шәкірттер тәрбиеледім. Еңбегім елеусіз қалған жоқ, «Оқу ағарту ісінің үздігі» төсбелгісінің иегерімін. Жолдасым Құрманбек екеуіміз бес бала тәрбиелеп өсірдік. Бүгінде бірнеше немере, шөберенің ортасында бақытты өмір кешудеміз. Бауырым Бақытбек те үйлі-баранды. Баршагүл келін екеуі балаларының, немерелерінің қызығын көруде.

Қолына күрек пен қайла ұстап еңбек көрігін қыздырған аталарымыздың қажырлы еңбегі, мықты төзімі, қайтпас қайсарлығы бүгінгі ұрпаққа өнеге. Әр ауылда осы менің әкем сияқты еңбек ерлері бар. Солардың атын ұлықтап, құрмет көрсететін уақыт жеткен сияқты.

*Естелік жазған қызы: Әнікей Манасбаева
Өскемен қаласы*

ЫБЫРАЙЫМУЛЫ ҚАСЕН (1906-1995)



Биыл Ұлы Жеңістің 75 жылдығын тойлағалы отырмыз. Күні кеше ғана дүркіреп өткен Ұлы Отан соғысының ақтаңдақтары, зерттелмеген жақтары баршылық. Соның бірі Ұлы Отан соғысы жылдарында Еңбек армиясы қатарында болғандар.

Менің әкем Ыбырайымұлы Қасен 1906 жылы Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Жамбыл ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Бозбалалық өмірі аласапыран оқиға–төңкеріспен сәйкес келсе, отбасын құрып, отау тіккен кезі дәл 1932 жылғы нәубет уақыты екен. Соғыс басталған жылдары ұжымшарда бақташы болып еңбек еткен. Жыл он екі айда бір күн демалу дегенді

білмей, күндіз-түні, қыс-жаз демей мал соңында жүруге екінің бірі шыдай бермесі анық. Сол жылдардағы еңбегі бағаланып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Соғыстың басталуы ел өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ел қорғауға аттанған алғашқы лекпен менің әкем де артында қалған екі жасар қызы мен 15 жасында қосылған, қайғы мен мұнды бір адамдай көріп қалған зайыбымен қимастықпен қоштасып, артына қарай-қарай майданға аттаныпты. Өмірге келген алғашқы үш сәбиі жасқа жетпей шетінеп, анамыз екеуі талай қайғыны бастан өткізіпті.

Семей қаласында екі ай дайындықтан өтіп, енді қолға қару алып, Отан қорғауға аттанамыз ба деп жүргенде бір түнде эшелонмен Қарағандыдан бірақ шыққан. Сөйтіп, 1941-1945 жылдары Еңбек армиясы қатарында Майкұдық көмір шахтасында әскери борышын өтеген.

Соғыс жылдарындағы 4 жыл ішінде Қарағанды шахтасы тарихи мәлімет бойынша 34 млн. тонна көмір шығарған. Бұл өндіріс орнының бүкіл өмір бойы шығарғанынан 3 млн. тонна артық. Техника дамымаған кезде қайламен, күрекпен қазып алынған мол көмірде менің әкемнің қолтаңбасы, маңдай тері, адал еңбегі, зардап шеккен денсаулығы бар.

Соғыс жылдарында қара жұмыста болғандардың еңбегі әлі де ескерілмей, еленбей, бағаланбай жатқанын жасырып керегі не? Еңбек армиясы деген сөздің өзі талай нәрсені ұқтырып тұр емес пе? Ол да Армия, жанкешті Еңбек армиясы. Олар ешқашан қан төгіспен келген Ұлы Жеңістен тысқары қалмауы керек.

Расында мындаған қара жұмысшы сыз жерде, төбесінен су тамшылап тұрған қаракөленке қуықтай тар шахтада бел жазбай көмір қопарып, оны вагон арбаға тиеп, сыртқа жөнелтіп, поездардың тоқтаусыз жүруін, зауыттардың үзіліс жұмыс істеуін қамтамасыз етпесе, жауға атылар әр оқ уақытында жасалар ма еді.

Он екі мүшесі аман келді деген болмаса Қарағандыдағы төрт жыл әкемнің денсаулығын тұтастай құртты. Өмір сүруге ешқандай жағдай жасалмаған сыз барақтағы сабан төсеніште жатып, ашқұрсақ жүріп, еңбек көрігін қыздырған, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен «қаруланған» әкемнің аузындағы отыз екі тісі жасына жетпей түсіп, қызыл иек болып қалып еді.

Әкем соғыс аяқталған соң бұрынғы кәсібі – мал бағуға шықты. Алғашында сиыр бағып, кейіннен кеңшар құрылғанда қойшы таяғын ұстады. Еңбекті адал атқарды, талай мадақтау мен сыйлыққа ие болды. 1965 жылы зейнетке шықты. Соғыстан оралған соң анамыз Матай Борамбайқызы екеуі үш ұл, төрт қызды өмірге әкелді. Сегіз баласын өсіріп жеткізіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, сексенге аяқ басқан шағында өмірден озды. Бірақ осы жылдар ішінде «Сенің де Ұлы Жеңіске қосқан үлесің бар еді-ау» – деген пенде болған емес.

Биылғы жылы облыстық А. С. Пушкин атындағы кітапхана осы мәселені қолға алып, Еңбек армиясы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр дегенді естіп қолыма қалам алдым. Менің әкем – Еңбек армиясының Ері. Ұлы Жеңістің 75 жылдығын ел болып тойлап жатқанда Жеңіске менің әкемнің де қосқан үлесі бар екенін мақтанышпен айта аламын.

*Естелік жазған қызы: Бақыт Қасенқызы Абрайымова
Катонқарагай ауданы, Жамбыл ауылы*

КЕМЕШЕВ САЛИХ **(1904-1979)**



Кемешев Салих 1904 жылы Күршім ауданының Қарағанды ауылында (ескі Мөнекей, бүгінде су астында қалған) дүниеге келген. Балалық шағында әкесі Кемеш Адамбайұлынан ескіше оқып, білім алған. Кемеш ауылда үлкен молда болып, 1937 жылы «Халық жауы» ретінде сотталып, Семей түрмесінде дарға асылған.

Салих Кемешұлы он саусағынан өнер тамған ұста ғана емес, ерекше талантты ағаш шебері болған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Совет Армиясы қатарына шақырылады. Марқакөлдің Ақбұлақ ауылынан сол кездегі аудан орталығы Зайсанға Ертістен өтетін көпір болмаған. Күзгі астық піскен уақытта Ертіс өзенінің суы азайған соң Зайсанға жеткізілген. Зайсанда сол жылы астық өте жақсы шыққан екен. Өскеменнен көлік келіп әскерге шақырғандарды әкеткенше оларды жұмысқа пайдаланыпты. Салих еңбекке деген

ұмтылысымен, қолының шеберлігімен басшылардың көзіне түседі. Істен шығып тұрған молотилка т.б. техниканы жөндеп тез іске қосып отырған.

Соғыстың алдында құрылған Үлкен Қаратал ауылындағы МТС-ке апарып, соғысқа жібермей жұмысқа салып, сол жерде қалдырады. Барлық ауыр жұмысты көтеруге тура келеді. Тынымсыз таңның атысы, күннің батысы еңбек етті. Бір қызығы іргелес аудандағы семьясына да хат жаздырмаған. Ауылдың іргесінде еңбек етіп, соғыс біткенше ауылға бір жапырақ хат жазғызбаған, сол кездің талабы солай болды.

Соғыс аяқталғаннан кейін, тек 1945 жылдың күзінде елге оралады. Соғыстан кейінгі бар өмірін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсады. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Марқакөл ауданы (қазіргі Күршім) Горный (қазіргі Ақбұлақ) совхозының ұстаханасында жұмыс жасап, мақтау тақтасынан түспеді. Үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде көзі тірісі екеуі ғана – ұлы Нәбиолда, қызы – Гүлнәр. Зәпила, Роза, Ниғметолда, Қайролданың арттарында ұрпақтары қалды. Жұбайы Күлжиһан соғыс кезінде өте ауыр жағдайда артельде жұмыс істеп, алтын, күміс жуған. Ұлы Жеңіске еңбектерімен өлшеусіз үлес қосқан Кемешевтер қиын кезеңдерді бастарынан өткізіп, ауыр жұмыс жасаса да, соғыс ардагері қатарына қосылмады. Еңбек армиясы қатарында болғаны ескерусіз қалғаны өкінішті.

*Естелік жазған ұлы: Нәбиолда Кемешев
Өскемен қаласы*

ҚҰРМАНҒАЖЫ САЛИҚОВ

(1905-1995)



Құрманғажы Салиқов 1905 жылы «Бесжылдық» колхозының Шымдықала қыстағында дүниеге келген. Бала кезден көптеген қиындық көріп, еңбекке ерте араласқан. 1920-1938 жылдары ел ішінде небір ауыр жұмыстарды атқарған.

1941 жылы ұлы Отан соғысы басталғанда басқа ер азаматтар сияқты майданға аттанады. Бірақ қан төгіс ұрыс даласына емес, Еңбек армиясына бөлінеді. КСРО арнайы құрған Еңбек батаольондарына тікелей әскери комиссариаттың қатысуымен, НКВД-ның бақылауымен қарапайым колхозшылар жіберіліп отырған. Құрманғажы ағамыз осы батальонның құрамында соғысқа аса қажетті қару-жарақ шығаратын зауытта, теміржол шпалдарын төсеуде жұмыс істеген. Жұмысшылардың тұрмыстық-материалдық жағдайы адам төзгісіз болған, тәулігіне 10-12 сағат жұмыс істейді. «Бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен еңбек көрігін қыздырған асыл ағалар күн-түн демей, уақытпен санаспай еңбек етеді. Еңбек армиясы қатарында болғандар аш, жалаңаш жүрсе де қыңқ етпеген қарусыз майдан ерлері болатын.

Құрманғажы Көпбайұлы Ұлы Отан соғысы аяқталған соң тағы бір жыл жұмыс істеп, 1946 жылы туған ауылына оралады. Келе салысымен ел ішіндегі еңбекке араласып, соғыс зардабын жоюға ат салысады. 1946-1972 жылдар аралығында мал фермасының басқарушысы, ірі қара фермасында бригадир болып қызмет істейді. 1954 жылы Мәскеудегі Бүкілдүниежүзілік ауылшаруашылық көрмесіне, 1956 жылы Мәскеуде өткен ауылшаруашылық қызметкерлерінің жиынына, 1957 жылы Көкшетауда өткен ауылшаруашылық қызметкерлерінің семинарына қатысады. Басқа Еңбек армиясында болғандардан ерекшелігі Құрманғажы ата Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 50-жылдық мерекелік медалімен марапатталған екен. Құрманғажы Көпбайұлы 1995 жылы 90 жасында дүниеден өткен.

Естелік жазған: Зайсан аудандық кітапханасының қызметкерлері

ШОЛАҚАНҚЫЗЫ ҚАТИПА

(1925-2012)



Шолақанқызы Қатипа 1925 жылы Зайсан ауданы, Рожков селосында орта шаруа отбасында дүниеге келген. Бастауыш мектепте білім алды.

Сол заманның талабы бойынша жасөспірім қыз 16 жасынан бастап еңбекке ерте араласты. 1942 жылы Еңбек армиясына алынып, Марқакөл (қазіргі Күршім) ауданы, Тесік ұя кенішіне жұмысқа жіберілді. Тесік ұя кеніші қазіргі Еңбек ауылынан Ақбұлаққа қарай Қалғұты өзенінің жоғарғы ағысында, сай ішінде орналасқан. Жұмысшылар тастан салынған үйлерде тұрып, мыс өндірген.

«Соғыс жылдарында Еңбек армиясы қатарында еңбек еттім. Мыс өндіру – бейнеті көп, өнімсіз жұмыс. Жердің бетінен бір қабат топырағын күрекпен аршып, кен өзегін іздейсің. Оның жөнін білетін үлкендердің көрсетуімен кеннің құнарлы бөлігін топырақ-құмымен қоса қопарып қоларбамен жағаға шығарамыз. Таулы-тасты жерде салынған жалғыз аяқ сүрлеумен топырақты қоларбамен тасу әйел адамға оңай емес. Талайлар бүктетіліп жүре алмай қалатын. Өңшең қыз-келіншек бір-бір қоларбамен тасты топырақты тасып, кешке мұрттай ұшатынбыз. Техника жоқ, барлық



жұмыс қолмен күрек, қайламен атқарылады. Қыста алдымен қар күреп, алаңқайды тазартатынбыз. Тесікұяның бораны ерекше соғатын. Шаң-тозаңның арасында қажымай талмай «Бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» деген ұранмен еңбек еттік. Бар арман-ойымыз сұм фашисті жеңу ғана болатын. Шаршадық, ауырдық деп айтып көргеміз жоқ. Жеңіске деген сенім күш-қайрат беріп, жігерімізді жанитын... Жастықтың жалыны болар, тіпті ән салып көңіл көтеруші едік. Тұрмыс жағдайымыз да жетісіп тұрған жоқ, тастан қаланған, едені жоқ жертөле тәріздес үйлерде тұрдық, ашқұрсақ жүрдік... Сол жоқшылық пен ауыр тұрмыс бізбен-ақ кетсін. Ендігі заман сендердікі», – деп отыратын Қатипа анамыз. Қатипа Шолақанқызы Тесікұя кенішінде 1946 жылға дейін еңбек етті.

1946 жылы 2-ші дүниежүзілік соғыстан жеңіспен оралған Қызыл Ту орденді Маштин Қабдрашқа тұрмысқа шығады. 1948 жылдан бастап колхозда еңбек етті. Қой, ешкі сүтін сауып, май жасап, өкіметке өткізіп отырған. Ел ішінде аса қадірлі, сыйлы адамдардың бірі болып, ауылдастар ықыласына бөленген, өнерлі адам еді. Қолынан шыққан небір тамаша алаша, сырмақтар ауылдастар есінде. Таңдайында кара өлеңнің ұясы бар, той-томалақтарда кара өлеңмен айтысып, талайды таңдай қақтыратын.

Өмірге әкелген төрт қыз, бір ұлын жеткізіп, немерешөбере сүйді. Осы жылдар ішінде «Сен Еңбек армиясында болыпсың-ау» деп ескерген адам болған жоқ. Тәуелсіздік орнағаннан кейін тыл ардагері ретінде Ұлы Отан соғысының 60, 65 жыл мерекелік медальдарымен марапатталды.

2012 жылы 31 наурызда 87 жасында Қаратоғай ауылында өмірден өтті.



Естелік жазған қызы: Маштина Мәрия

ҚАУЫСОВА ШОЛПАН (1922-2002)



Шолпан Арқабайқызы 1922 жылы 2 мамырда Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы, Ақсуат ауданы, Қызылкесік ауылында дүниеге келген. Бала күнінен тағдырдың тауқыметін тартып өсті. Кеңес заманындағы ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін сияқты тарихи нәубеттердің куәсі болды. 1929-32 жылдардағы аштықтан отбасы түгел қырылып, әкесі екеуі ғана аман қалады. Тұрмыстары енді ғана оңала бастаған кезде Ұлы Отан соғысы басталады. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен тылдағы колхозшылар таңның атысы, күннің батысына дейін уақытпен есептеспей еңбек көрігін қыздырған кезде жасөспірім Шолпан да қарап жатпай колхоздың сиырын сауып, ірімшік жасап майданға жіберіп отырды.

1941 жылы 19 жасар Шолпан Еңбек армиясына шақырылады. Өзі қатарлас жастармен бірге Защитадағы темір жол бойын қардан тазалап, поездың үздіксіз жүруін қамтамасыз етті. 1943 жылдың қысы қатты болып, қар көп жауады. Батысқа қарай жөңкілген поездар ілегін бір минут тоқтатуға болмайтын. Қарлы боранда, аязды күндері жол күреп тыным таппаған, тәулігіне көз ілмеген күндерді басынан өткізді. Неше жылғы суық оңдырсын ба, қатты ауырып, өлім аузынан қалады. Сергиопольдегі әскери госпитальда ұзақ жатып емделген соң ауылына қайтарылады. Сонда да тыным таппай колхоз, совхоз жұмыстарына белсене араласып, Базар өзенінің




бойына егін де салды. 1955 жылы майданнан 2- топтағы мүгедек болып оралған Қауысов Оразғалимен тұрмыс құрады. Бірақ отағасы 1966 жылы соғыс жарақатынан қайтыс болып, үш баламен қалған Шолпан Арқабайқызы жалғыз өзі үш ұлын тәрбиелеп жеткізді. Ұзақ жылдар Ақсуат сегізжылдық орыс мектебінде жұмыс істеді. 1993 жылы Социалистік жарыс жеңімпазы төсбелгісімен, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы мерекелік



медалімен, бірнеше рет облыстың Құрмет грамоталарымен марапатталды. Үш ұлдан 10 немере, 13 шөбере көрген ардақты ана 2002 жылы өмірден өтті. Көкпекті ауданы Ажа ауылында жерленген.

Естелік жазған келіні: Қауысова Бибиғуль

Мусин ҚАБДЫРАШ (1919-1979)



Қабдыраш Мусин 1919 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданының Өрел ауылында ауқатты отбасында дүниеге келген.

Әкесі Мұса қара қылды қақ жарған әділ би, анасы әділ, турашыл мінезімен көпке сыйлы адам болған. Ауыл үй арасындағы уақ-түйек даулы мәселелерді шешу үшін ауылдастары анасына келіп жүгінетін. Отбасында бес ұл, бір қыз дүниеге келді. Қабдыраш отбасындағы екінші бала.

Заман қиындап 1930-1933 жылдардағы аштық кезінде үлкендерден қалыспай жұмыс істеді. Отбасын асырап отырған қолдағы бар малды қарау Қабдыраштың үлесінде еді.

Тұрмыстары ауқатты болғандықтан Мұсаның отбасы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, малдары тәркіленді. Мұса атылып кетті, балаларын құтқарып қашпақшы болған анасы ешқайда кете алмады. Тағдырдың жазғанына көніп, Қабдыраш анасы екеуі бауырларын асырау үшін небір қиындықты бастарынан өткерді.



Ұлы Отан соғысы басталғанда Қабдыраш 23 жаста болатын. 1942 жылдың жазында армия қатарына шақырылып, майдан даласына бет алады. Алайда майдан шебіне жете алмайды, оларды эшелон Қарағанды қаласындағы шахтаға әкеліп түсіріп, Еңбек армиясына алынады. Қабдыраш шахтада, зауытта жұмысшы болып істейді.

Шахта жұмысшыларының жағдайлары өте ауыр болды. Олар Арқаның аязында тоңып, аш-жалаңаш жүрсе де Отанға қажет көмір, газ, қорғасын өндіру жолында жан аямады. Ауыр жұмыс пен жоқшылық Қабдыраш Мусиннің денсаулығына әсер етпей қойған жоқ. Әскери госпитальда алты ай жатып емделіп, еңбекке жарамсыз болып елге қайтады.

Соғыс уақыты, жұмыс күші жетіспей жатқан кезде Қабдыраш үйде тыныш жата алмай Көккөл руднигіне (Катонқарағай ауданы) жұмысқа шығады. Көккөл кеніші вольфрам концентратын өндіретін. Өндірілген өнім соғыс мақсатына, танктердің бронін бекітуге пайдаланылған. Көккөл кеніші туралы жазушы жерлесіміз Әлібек Асқаров «...Көккөл әлгі адамдардың өміріндегі ең азапты, бейнетті жылдары болған екен ғой... Бейнетті болғаны соншалық, Көккөлді артық рет еске алудың өзі жандарын жаралағандай. Зіл батпан сол азапты арқалап өткен ағаларымыз түгелге дерлік өмірден озып кетті. Өкініштісі – бәрі де ерте кетті. Көбісі қырық пен елудің ішінде, ұзағаны алпысқа жете жығылды. Көккөлден соң өмір бойы көксау боп қалған менің Уатай атамның өзі әйтеуір өзін-өзі күткенінің арқасында (екі жыл ғана шахтер болған, қалған уақытта ұсталық жасапты) алпысты еңсеріп барып көз жұмды ғой. Бәрінің дерті біреу еді – ол «селикоз» болатын» – деп еске алады. Сол 60 жастан аспағандардың бірі – Қабдыраш Мусин еді.

Қабдыраш 28 жасында Баянбаева Кәмашқа үйленіп, бес бала тәрбиелеп, барлығына жоғары білім берді. Денсаулығының жоқтығына қарамастан бала-шағасын асырау үшін еңбектен бас тартқан емес. Алайда Еңбек армиясындағы ауыр жұмыс Қ. Мусиннің денсаулығына әсер етпей қойған жоқ. 1979 жылдың 9 желтоқсанында 60 жасқа да жетпей өмірден өтті.

Бүгінде балалары әкелерінің қажырлы еңбегін, берген тәрбиесін құрметпен еске алып, жетістіктері мен бақуатты тұрмыстарын көре алмай кеткеніне өкініш білдіреді.

Естелік жазған қызы: Мусина Нұрзила

БӘКЕЙ ЖИРЕНТАЕВ **(1903-1943)**



1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы Еңбек армиясын қалыптастырды. Еңбек армиясына 121 мың неміс, 30 мың кәріс халқы шақырылды. Осы арнайы қоныс аударушылармен қосқанда 700 мың қазақстандық Еңбек армиясына тартылды. Еңбек армиясына әскери комиссариат арқылы шақырылып, олардың жұмысқа орналасуы, көздеген кәсіпорынға жеткізілуі НКВД-ның жіті бақылауында болды. Еңбекке жұмылдыру барысында денсаулық сақтау, тұрмыс жағдайы қарастырылмады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Қарағандауголь» шахтасы жұмысшыларының жағдайы өте нашар болды. Қарағанды облыстық партия комитетінің 1942 ж. 1 тамыздағы қаулысында шахта жатақханаларының өте төмен санитарлық жағдайы, құрт-құмырсқа қаптаған соң жұмысшылардың жертөлелердің шатырына түнеп жүргені айтылған. Ауыз су мәселесі мен судың тапшылығынан жуыну өте қиын болды. 30-40 адамға бінеше күнге бір бөшке су берілетін. Кстенко атындағы шахтадағы 240 кісілік бөлмелерге 20 шелек су беріп отырған. Су ішетін ыдыс та жоқ. Төсек жабдығы деген атымен болған жоқ. 20 шахтада жұмыс істеп жүрген 480 жұмысшының 252-не ғана матрас берілген, қалғандары жалаң ағаш сәкіде жатқан. Қолжуғыш, кір жуу, монша ұйымдастырылмаған. Жарымаған еңбекақы төмен, тамағы нашар, киім жоқ. Соғыс жағдайында бөлінген аздаған ссуда жұмысшылардың сұранысын қамтамасыз ете алмады. Ал жергілікті билік жұмысшыларға жағдай жасауды ескерген де жоқ. Тұрмыстың төмендігі мен аштықтан ісінген талай жұмысшы бақилық болды.

Адам төзгісіз жағдайда Қарағанды шахтасында еңбек еткендер қатарында біздің жерлесіміз мақаншылық Бәкей Жирентаев та болған. Бәкей Жирентаев 1903 жылы Семей (бүгінгі Шығыс Қазақстан) облысы, Мақаншы (қазіргі Үржар) ауданы Қарғалы ауылында

дүниеге келген. «Жас қайрат» ұжымшарында механизатор болып істеген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Қарағанды шахтасында Еңбек армиясына жіберілген. Шахтаның ауыр жұмысы, тұрмыс жағдайының төмендігінен ауруға шалдығып, 1943 жылы Қарағандыда қайтыс болып, сонда жерленді.

Естелік жазған немересі: Жирентаев Болат

ТОҚҚАРА ЖОМАРТОВ **(1893-1984)**



«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» деп, Қасым ақын айтқандай, жан алысып, жан беріскен қаһарлы ахуал жалғыз майдан шебінде ғана емес, тылда да қалыптасқан-ды. Әйелдер мен жас жеткіншектер таңның атысы, күннің батысына дейін колхоз жұмысына жегілсе, жасы 45-тен асқан кексе азаматтар «тұртармия» (орысша «трудовая армия») тырнағына ілінді. Соның бірі абайлық азамат Тоққара Жомартов еді. Ол 1893 жылы Шыңғыстаудың Көшек пен Еділдің қойтасы баурайынан бастау алатын Токпанбет өзені бойында дүниеге келген.

Тоқаң ақсақал, 1930 жылы ашаршылық басталғанда, балашағасымен Семейге, одан әрі Сібір бағытына жылжып, Барнауыл арқылы Кемероваға барып тұрақтаған.

1934-1935 жылдары Қазақстанның бірінші хатшысы Левон Мирзоянның қаулысы шыққан соң, аман-есен елге оралып, аудандық шикізат дайындау мекемесіне жұмысқа тұрады.

Сол сұрапыл соғыс өрті лаулаған 1943 жылы 50 жасты толтырған Тоққара Жомартұлы Еңбек армиясына шақырылып, Горький облысы Выксунский ауданындағы әскери зауытқа тап болады. Мұндағы әскери зауыт соғыс жылдарында еліміздің мықты арсеналдарының бір еді. Волга мен Ока өзендерінің жағасынан майданға атакты «катюшалар» мен танктер, самолеттер, қарулар мен минометтер, оқ дәрілер, киім-кешек пен азық-түлік тоқтаусыз жіберіліп тұрды. Орманнан ағаш дайындап, оны соғыс мұқтажы үшін эшелондар арқылы әртүрлі бағыттарға жөнелтіп тұрған. Еңбек армиясында болғандардың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы өте төмен еді. Соған қарамастан жанкештілікпен Жеңіс жолында аянбай еңбек еткен ісіне мығым, төзімді, еңбек озаты Тоққараның табан ақы, маңдай тері еленбей қалмады. 1945 жылдың жазында КСРО Кеңесі Советі Президиумының Жарлығымен «Еңбек ерлігі үшін» медалімен марапатталып, оны зауыт әкімшілігі 1946 жылы 29 маусым күні салтанатты жағдайда тапсырған.

Осылайша еңбек көрігін қыздырған Тоққара Жомартов еңбек үздігі атанып, 1947 жылдың мамыр айында ғана Қазақстанға оралады. 1985 жылы 9 мамыр – Жеңіс күні құрметіне «1941-1945 жылдардағы ҰОС Жеңісінің 40 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған.

Тоққара Жомартов елге оралған соң, қайтадан еңбек майданына қызу араласты. 1947 жылдың күзінде 1958 жылдың соңына дейін Қарауылда өзі ұйымдастырған «Одақтық аңшылар қоғамын» басқарды. Шыңғыс тауының іші-сыртынан аң кезіп, ит жүгіретін сол кездегі ауылдың аңшы ақсақалдарымен аңшылықты өрістетеді, облыстың жүлдегері атанады.

Тоққара тыл майданына алынғаннан кейін, жұбайы Ақгүл Дәуітқызы тұрмыс тауқыметін жалғыз тарта жүріп, шиеттей 4 баласын да жеткізді. Соғыстан кейінгі бейбіт заманда ұлын ұяға, қызын қияға қондырып бақытты ғұмыр кешкен қос қария 90 жастан асып бақилық дүниеге аттанды.

Омаров, Асан. Отты жылдардың Еңбек ері

СЕРІКОВ ДӘРІБАЙ

(1919-1999)



Серіков Дәрібай Серікұлы 1919 жылы 1-қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты (бұрынғы Семей облысы) Шұбартау ауданы, Дағанды болысының 7-ші ауылында, Ақшоқы тауының етегінде дүниеге келді. Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері. Екпін орта мектебінің негізін қалаушылардың бірі.

Бес жасынан өнер-білімге құмар болып, қисса-дастандарды жатқа білді. Тоғыз жасында сегіз жылдық мектепке қабылданып, сатылап оқып, 14 жасында ұстаздық жолын математика пәнінің мұғалімі болып бастады.

1941 жылдан партия қатарына қабылданып, аудандық, ауылдық кеңестің депутаты болды.

1943 жылдары тылдағы Еңбек армиясына алынып, Сібірде екі жыл ағаш дайындау отрядында еңбек етті. Орманнан ағаш дайындап, жиналған ағаштарды поезбен әртүрлі жерлерге жіберіп отырған. «Ауданнан (Шұбартау) 13 адам аттанып едік, соның ішінде ағам Жақыпов Шайзада, бөлем Буланов Битөлеу де болған еді. Осы аттанған азаматтардан бөлем Буланов Битөлеу екеуміз ғана аман оралдық. Ол бір зұлмат заман, қиын кез болды», – деп күрсіне ойға шоматын дейді қызы Жанна Дәрібаева әкесі туралы естелігінде.

1946 жылы бір жыл Турксиб теміржолында қызмет етіп, Ақтоғай, Жүзағаш станцияларының құрылысына қатысты.

1953 жылы Семей педагогикалық училищесін, 1964 жылы Семейдің Н. Крупская атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдады.

1963-1965 жылдары аудандық партия комитетінің секретары, ауылдық бастауыш партия ұйымын басқарды.

Еңбек жолында Шұбартау аудандық оқу бөлімінің инспекторы, мектеп директоры, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Мектепте ұстаздық ете жүріп, әртүрлі аспапты жетік меңгерген ұстаз оқушыларды музыкаға тәрбиелеп, ансамбль ұйымдастырды.

Білім саласындағы еңбегі ескеріліп 1969 жылы Қаз ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері атанды.

1979 жылы құрметті демалысқа шығып, Еңбекке баулу пәнінен дәріс беріп, оқушыларды қолөнерге баулыды. 1991 жылы Бидайық ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы болды.

Саналы ғұмырын өнер мен білімге арнаған ұстаз, өмірден қандай теперіш көрсе де, мойымай бақытты өмір сүріп, 1999 жылы 80 жасында дүниеден озды.

Соңынан «45 жыл ұстаздық етсең де, 45 минуттық сабаққа дайындықсыз барма», «Мақсаты бар адам жалықпайды» деген ұлағатты сөз қалдырды.

Марапаттары:

1946 жылы «Еңбектегі Ерлігі үшін» медалі;

1965 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалі;

1966 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін»;

1969 жылы «Қаз ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері»;

1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі;

1975 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалі;
1985 жылы «Ұлы Жеңіске 40 жыл» медалі;
1995 жылы «Ұлы Жеңіске 50 жыл» медалі.

Естелік жазға: Жанна Дәрібайқызы

АМАНОВ МАНАП

(1900- 1962)



Аманов Манап 1900 жылы Шығыс Қазақстан облысы Көке болысында (қазіргі Ұлан ауданы, Тарғын ауылдық округі, Манат ауылы) орта шаруа отбасында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке ерте араласқан Манап әке шешесін асырайды. Қаражасық елінің қызы Әміреқызы Қайшаға үйленіп, отбасын құрған.

Дүниеге 1919 жылы желтоқсан айының 15-ші жұлдызында ұлы Досқазы келген, арасында бірнеше балалары шетінеп 1939 жылы кенже ұлы Батырхан туған.

Ұжымдастыру науқаны басталып, колхозда жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысы басталған соң 1942 жылы ұлы Досқазы соғысқа шақырылып, майданға аттанған. Ұлын майданға аттандырғанда, өзіне қара жұмысқа, Еңбек армиясына шақыру қағазы келіп, 1942 жылдан 1945 жылдың тамыз айына дейін Ресейдің Красноярск өлкесінде Еңбек армиясында болады. Орманда ағаш кесіп, окопқа, блиндажға ағаш даярлап жіберіп отырған. Ағаш баракта тұрып, Сібірдің аязына шыдап жеңіс жолында аянбай еңбек еткен.

1945 жылы соғыс біткен соң өзі де, үлкен ұлы Досқазы да жараланып аман-есен елге оралады. Әкелі-балалы екеуі біреуі соғыс, біреуі еңбек майданында жүргенде жұбайы Қайша кенже ұлы Батырханды асырап, колхоздың жұмысын істеп, майданға шұлық тоқып, астық даярлау науқанына қатысқан.

Аманов Манап 1962 жылы Ұлан ауданы Манат ауылында қайтыс болды. Манат ақсақалдың ұрпақтары Тарғын, Бестерек ауылдық округінде, Өскемен, Алматы қалаларында тұрып еңбек етуде.



Естелік жазған немересі: Аманов Ғалым

АҚБОТИН МЫРЗАБАЙ

(1921-1989)



Менің әкем Ақботин Мырзабай 1921 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы Топқайың ауылында дүниеге келген. Әкем соғыс туралы көп айта бермейтін. 20 жасында Еңбек армиясына алынып, Қарағандыда шахтада жұмыс істейді. Еңбек армиясындағы жұмысшылардың халі өте мүшкіл болғандықтан, әкем Еңбек армиясынан гөрі қан майданда шайқасқанды дұрыс көрсе керек, бірнеше рет өз еркімен соғысқа сұранса да жібермеген екен. Содан бір күні барса военком ауысып

кетіпті, жаңа военком өтінішін қабылдап, соғысқа жіберуге шешім қабылдайды. Қуанышы қойнына сыймаған жас жігіт казармаға келіп матрас, көрпе-жастығын жерлестеріне қалдырып майданға аттанады. 1942 жылы бірден барлаушылар ротасына түсіп, Москва қорғанысынан бірақ шығады. «Харьков қаласы үш рет қолдан қолға өтті, Великие Луки маңында біздің полк қорғаныста тұрған болатын, 8 наурыз күні түстен кейін біздің взводты батальон командирі шақырып алып, қайткен күнде «тіл» әкелуге жұмсады. Бұйрықтың аты бұйрық, орындау керек. Қараңғылық әбден түсіп, ел орынға отырған кезде 35 жауынгер жау жақты бетке алды, бірақ сапарымыз оңды болмады, орта жолдан мина құрылған алаңға тап болып отыз екіміз мерт болдық та үшеуіміз жаракаттанып госпитальға түстік. Бір кезде есімді жисам «Осы арада болу керек. Осы жерде жарылды, тірі болу керек» деген дауыс естідім. Ротада Тәшмұхамбетов деген Оңтүстік Қазақстанның өзбек азаматы болған. Сол мені тауып алып госпитальға жеткізді. №1433 госпитальда 1943 жылдың қазан айының 10-на дейін емделдім де, батальонға келдім. Осы жерде батальон алдында комбат Бауыржан Момышұлы келіп маған алғыс жариялады. Ал енді бірде барлауға үш жігіт барып, жаудың штабына кіріп масайып отырған немістің 17 кіші офицерлері мен солдаттарын қойша айдап әкелдік.


1943 жылдың аяғынан 1944 жылдың басына дейін Орел, Курск бағытындағы кескілескен ұрыстарға қатыстым. 1944 жылы батальонға Жуков келіп мені «За освобождение Украины» медалімен марапаттады. Сол жылы қайта жараланып госпитальға түстім. Жеңісті госпитальда қарсы алдым. Содан соғысқа жарамай 1946 жылға дейін Украинада №1263 В/В-да қызмет атқардым. Осы жерде жерлесім Жуасов Айтқұмашпен кездесіп, елге қайтқанша бірге болдық. Тек 1946 жылдың 26 мамырында елге оралдым», – деп әңгімесін аяқтаушы еді. Сол соғыстағы санына тиген жарықшақтың қалдығын алғызбады. «Менің туған күнім 8 наурыз» деуші еді.

Әкем соғыстан оралған соң 1948 жылы анамыз Зағыпқа үйленіп, 60 жыл бірге өмір сүрді. Екеуі он баланы тәрбиелеп, оқытып, үй қылды. Өздері араға жыл салып бірінен кейін бірі қайтыс болды. Алдымен анам, соңынан 1989 жылы әкем өмірден өтті. Сол бір тіршілік, жұмыс, бала-шаға деп, бір ауылда тұрсақ та әкем үйіне көп бара алмадым. Енді өкінгенмен орнына келер емес.

*Естелік жазған: Ақботина Алмагүл Мырзабайқызы,
Катонқарагай ауданы, Топқайың орта
мектебінің тарих пәнінің мұғалімі*

ЖӨНДІБАЙҰЛЫ СӘРСЕНЫ

(1889-1972)



Менің атам – Жөндібай Жандосұлы жеті атасынан бері дәулеті үзілмеген тұқымның тұяғы. Өз кіндігінен тараған алты ұл, алты қызды ер жеткізіп тамырын тереңге бойлатып, жапырағын кеңге жайған ұрпақты адам болыпты. Алланың жазғанына кім тосқауыл болған, әуелі әкесі Жөндібай, артынша Іргебай, Сетербай, Мұстафа, Нұрбапа деген төрт бірдей ағалары қайтыс болып, отбасына арқау болу – кенжесі Сәрсенбінің пешенесіне жазылыпты.

Атам ауыл молдасынан ескіше сауатын ашқан көзі ашық, көкірегі ояу, не істесе де әуелі жетесіне жеткізе кесіп-пішіп, талғам таразысынан өткізіп барып қана іске кірісетін ақылды адам еді. Небәрі 15 жасында ат әбзелдерін жасайтын, қалып шауып етік тігіп, ағаштан түйін түйген шеберлігімен, ер тұрман жасайтын іскерлігімен елге танылады.

Атам қара күшке де мығым еді. Ол үнемі «Жігітке жеті өнер де аз» деген халықтың қанатты сөзін жиі айтатын. Айтып қана қоймай, осы сөзін ісімен де, күшімен де растай білген адам еді. Танымал палуан болған.

Атамыз Көккөл кенішінде Еңбек армиясында болды. Көккөл кенішінде вольфрам мен молибден кенін өндіретін. Кен тастан басқа түгі жоқ. Олар Жоғарғы лагерьде (көбіне Тау деп аталатын) өндірілетін. Төменгі лагерь – сол жағы «Мұзтау», оң жағы «Үшкір тау». Шығысы «Тау», батысы «Ой» деп аталатын. Бригадир әкемді Жоғарғы Лагерьдегі кенішке қажетті тіреуіш (креп) дайында, көмір жақ деп жібереді. Көктегі тәңірден жердегі әмір артық болып тұрғанда қарсы келу қайда? Өз күшіне сеніп, жанына ешкімді алмай, төренің түртпегін, біргәдірдің билігін күтіп отырмай-ақ жыл он екі ай апталық, жылдық еңбек демалыстары дегенді білмей, ауыр да бейнетті еңбектен қаймықпай күндіз-түні қу жанына әмір бермей жұмыс істейді. Еңбегіне лайық баға да іздемеді. Бұлт ілінсе болды апталап төгетін ақ жаңбырға, езіліп жатқан ми батпаққа, қыста метрлеп жауатын қарға, қыс бойы түсетін қар көшкіндеріне де қарамай ағаш жығып, көмір жақты. Көмір жағу үшін тереңдігі 2 метр, ені 3 метр, ұзындығы 5-6 метр ор қазып, екі жақтауына ұзыннан ұзақ екі дөңбек салып, үстін бір қатар қу дөңгелектермен және жуандығы 1-1,5 метрдей жас қарағай бөренелермен толтырады. Бетін қалыңдығы жарты метрдей топырақпен жауып, әр жерін тесіп түгін шығып, ауа кіретіндей саңылаулар жасайды. Онан соң сыртта тамыздықты маздатып от жағып, ордағы ағаштардың астындағы қуысқа итеріп түсіріп от алдырады. Орға көмілген ағаштар толық жанып біткенше ұстайды. Жанып бітерде ойылған жерлерді топырақпен қосымша жауып отырмаса, көмір күл болып кетеді. Әбден даяр болған кезде көмірді қазып сыртқа шығарып, су сеуіп сөндіреді. Аздаған ұшқын қалса көмір қайта тұтанып, күлге айналып кетуі мүмкін. Сондықтан жағу кезінде де, жанып біткен соң да көмірді күндіз түні күзетеді.

Ағашты балтамен жығып, бұтарлайды. Ағашты жығып, 2,5 метрден тураған соң жазда тәшкемен, қыста шанамен көмір жағатын жерге тасиды. Қыста қалың қарды күреп, алдын ала жол салады. Бұл тоқталмайтын, жарты ай сайын айналып келіп отыратын үрдіс еді. Өйткені кеніштегі қайларды ұштауға көмір, кеніштің үңгімелеріне тірейтін тіреуіш, отқа жағатын отын болмай қалса, кеніштің жұмысы тоқтап қалатын. Сталиннің кезінде өндірісті мұндай күйге душар қылған адамды «Халық жауы» деп соттатып жіберетін.

Көккөлдің қысы да ерекше еді. Тамыз айының аяғында ақ көрпесін айқара жамылып, маусым айының басына дейін тапжылмай жататын да қоятын. Бір бораны бір боранына ұласып, қапалақтап жауған қар айналаны ақ мамыққа орап тастайтын. Үсті-үстіне төпелеп жауған қардан көрші үйдің шатыры да көрінбей, осы жерде тіршілік иесі бар-ау дегізіп, мұржаларынан ширатыла ұшқан түтіні ғана белгі беретін. Жұмалап жауған қар басылып, күн айықса-ақ болды, сақылдаған сары аяз қысып әкететін. Осындай адам төзгісіз жағдайда еңбек етіп, еңбегін бұлдамаған қаншама Еңбек армиясының ерлері бар? Олардың еңбегі еш, тұзы сор болып, 80 жыл бойына ешкім естеріне алған да жоқ еді. Бірақ төр Алтайдың тумасы Сәрсенбі Жөндібаевтың ұлы Халел «Өткен өмір, жалғасқан ғұмыр» атты кітабында әкесі Сәрсенбі Жөндібайұлы туралы жазып кетті. Аға ұрпақ өкілдерінің жанкешті ерлігі, жеңіске деген сенімі келер ұрпақты отансүйгіштікке, төзімділікке баулиды.

Биылғы жылы облыстық А. С. Пушкин атындағы кітапхана «Еңбек армиясы» атты жобаны іске қосып, өмір бойы ескерусіз қалған менің әкем сияқты азаматтарды еске алып жатқанына көп рахмет.

Естелік жазған немересі: Сәрсембі Оразбек Халелұлы

ЖҰРТБАЙҰЛЫ ТҮСІПБЕК

(1918-2005)



Түсіпбек Жұртбайұлы 1919 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Жұртбай Токтағұлұлы жаңадан орнаған Кеңес үкіметін қолдап, аянбай еңбек еткен.

Түсіпбек жеті жылдық мектепті бітірген соң Зайсан қаласындағы педучилищеге түседі, оны ойдағыдай аяқтап, бастауыш класс мұғалімі деген мамандық алып шығады. Елде жаппай ұжымдастыру басталғанда, қолдағы азын-аулақ малынан айырылған халық ашаршылыққа ұшырап, бала-шағасын асырау үшін жан-жаққа көше

бастайды. Жұртбайдың туыстары да алды шекара асып, Қытайға кетсе, арты іргелес жатқан Алтай өлкесіне қоныс аударады.

1937 жылғы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Жұртбай «Халық жауы» деген жаламен атылып кетеді. Түсіпбек алғашқы еңбек жолын Ақсу, Топқайың ауылдарында бастауыш кластарда мұғалім болып бастайды. Ұлы Отан соғысы басталған кезде ол Топқайың ауылында мектепте жұмыс істейтін. Алғашқылардың бірі болып, соғысқа баруға өтініш білдіреді. Бірақ оның өтінішін кейінге шегеріп, тек 1942 жылы ақпан айында қанағаттандырады. Бірақ майдан шебіне емес, Еңбек армиясының қатарында жұмысқа қалтырады. Әкесі Жұртбайдың «Халық жауы» деп істі болғанының зардабы баласына тиеді.

Елден шақырылған бір топ жерлестері Зияпат Ластаев, Мырзағұл Абақаев, Уғтай Асанов, Нұрсәли Қоразовтармен бірге оларды Оралдағы Свердлов қаласында орналасқан «Белка» деп аталатын соғысқа қажетті қару-жарақ шығаратын зауытқа жұмысқа тартады. Бұл заводта жоғарғы температураға шыдайтын (100 градус) металл өндіріліп, танк жасайтын, жұмыс тәулігіне екі ауысыммен атқарылатын. Соғыстағыдай атылған оқ, жарылған снаряд, оққа ұшқан жауынгерлер жоқ демесең, мұндағы жағдай да адам төзгісіз қиын еді. 12-14 сағаттық демалыссыз ауыр жұмыс істеген әр адамға 600 гр. нан мен бір мезгіл капуста көже ғана беретін.

Жүрген жерлері поляр шеңберіне жақын орналасқандықтан, қыстың қақаған аязына шыдамай үсіп, ауру-сырқауға ұшырағандар көп болды. Жұмыс жандайының қиындығына шыдамай, бұдан гөрі ашық майданда жүргеніміз артық деп қаншама адам қашып та кетті. Бірде түннің бір уағында көршілес төсекте жатқан Нұрсәли Қоразов: «Әй бала, бәрі кетіп жатыр, біз де кетпейміз бе?» – деп Түсіпбекті оятады. «Қашқанда қайда барамыз, қашып кетсек ұсталамыз, қадірімізден айырыламыз, одан да не болса да шыдайық», – дейді бұл.

Ол да жөн екен деп, екеуі бір тоқтамға келіп, қалып қойыпты.

Танертең жұмысшыларды түгендеп тексерсе, елу шақты адамнан он үш-ақ кісі қалыпты. Ал қашып кеткендер Свердлов қаласында орналасқан әскери комиссариатқа барып, жұмыстағы ауыр жағдайларын айтып, өздерін Қазақстан аумағына немесе майданның алғы шебіне жіберулерін сұрайды. Үш күн өткесін оларды қайта бұрынғы істеген жұмыстарына әкеп салады. Осыдан кейін әкімшілік жұмысшылардың жағдайына көңіл бөліп,



жұмыс уақытын аз-маз қысқартып, нанның мөлшерін бір килоға дейін жеткізіп, қосымша паек беріп, жағдайларын жасайды. Тамағы тойған олар жұмыстарын да жақсы атқара бастайды.

Қатардағы жұмысшыдан бастаған Түсіпбек бригадирлікке дейін көтеріліп, Жоғарғы Командованиенің тапсырмаларын асыра орындағаны үшін бес рет ақшалай сыйлық алып, есімі Құрмет тақтасына жазылады. Осы өндірісте 4 жыл 10 ай жұмыс істеген ол 1946 жылы көкек айында Еңбек армиясы қатарынан босап, елге оралады.

Мектепте ұстаздық қызметін ары қарай жалғастырып, 1948 жылы Нүрзәпия Тұрысқанқызына үйленіп, шаңырақ көтереді. Дүниеге Гүлнәр, Тұрсынғали, Жұмағали деген балалары келеді. Алайда «ажал айтып келмейді» демекші, 1958 жылы әйелі Нүрзәпия кенеттен қайтыс болады. Әйелін соңғы сапарға шығарып салып, науқандарын өткізіп, үш баламен қалған Түсіпбекке ағайын-туғандары басын құрауға кеңес береді. Ол Мәрзия Исханқызына үйленіп, өмірінің соңына дейін сол кісімен бірге балаларын өсіріп, жеткізіп, үйлендіріп, немере сүйді.

Түсіпбек Жұртбайұлының 1946 жылдан бастап 1983 жылы қыркүйек айына, яғни құрметті демалысқа шыққанға дейінгі мұғалімдік өтілі 37 жыл. «Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алған ұлағатты ұстаз. Қосымша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» және «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Естелік жазған жерлесі: Рақия Нұралықызы

ҮДЕРБАЕВ ҒАЛИ (1896–1960)



Үдербаев Ғали 1896 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы «Шағыл» (Тарғын ауылының маңында) елді мекенінде дүниеге келген. Ұжымдастыру кезеңінде Ұрынхай ауылына, кейіннен Солдатское ауылына көшеді.

Ғали Үдербаев осы ауылда колхоз құруға белсене қатысып, содан кейін «Ұлттық Достық» колхозының сүт-тауар фермасын басқарады.

Үдербаевтың әйелі (Икамбаева) Ажар 1900 жылы туған. Ғали мен Ажардың 12 баласы – 6 ұл және 6 қыз болды. Оның екі ұлы – 21 жастағы Қайролда және 20 жастағы Байдолда майданға шақырылды.

1944 жылы 48 жастағы Ғали Үдербаев Еңбек армиясына алынып, Свердловск қаласына жіберіледі. Қолының шеберлігінің арқасында сарбаздарға етік тігіп, күніне 18 сағаттан жұмыс істеген.

Ауыр жұмыс пен ауыр еңбектен қажыған Ғали 1945 жылы үйіне оралды. Ол Еңбек армиясы туралы ештеңе айтпайтын және еңбек жағдайына шағымданбайтын. Еңбек



армиясына аттанарда денсаулығы мықты, қара күштің иесі болған екен. Ауылда ер адамның қолы жетіспеген соң елге оралған Ғалиды ферма меңгерушісі етіп тағайындайды. Өмірінің соңына дейін отбасы мен кеңестік жүйенің игілігі үшін жұмыс істеген Ғали 1960 жылы 18 маусымда қайтыс болды.

Оның тұңғыш баласы Қайролда соғыста екі рет жаракат алып үйге оралды, бірақ денсаулығы нашар болды. Қайролда 1982 жылы қайтыс болып, Тарғын

ауылында жерленді. Екінші ұлы – Байдолда, фашизмге қарсы шайқастарға қатысып, кейін хабарсыз кетті.


Отбасындағы оныншы бала – қызы Маулихат еді. Ол педагог, 1963 жылы Өскемен қаласындағы пединститутын бітірді. 30 жылдан астам жалпы білім беретін мектепте алдымен мұғалім, содан кейін оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді және мектеп директоры лауазымынан құрметті демалысқа шықты. Алматы қаласында тұрады, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі.

Нұрсапа Ғалиұлы отбасында он бірінші бала (15.09.1940 ж. т.), Қазақстан ІІМ офицері. 1996 жылы милиция полковнигі «ҚР ІІМ Құрметті ардагері» атағымен зейнеткерлікке шықты. Өкінішке орай, 2015 жылы қайтыс болды. Оның 1 ұлы мен 3 қызы, екі немересі қалды.

Нұрлыбек Ғалиұлы (03.10.1944 ж.т.), ШҚО Ұлан ауданы Солдатское ауылының тумасы, милиция полковнигі. ШҚО Полиция департаменті бастығының кеңесшісі болып қызмет етеді, сонымен қатар ІІБ ардагерлер кеңесі мен ШҚО Ұлттық ұланы төрағасының міндетін атқарады. Нұрлыбек Ғалиұлы 50 жыл бойы жас полиция қызметкерлеріне өзінің бай еңбек және мол өмірлік тәжірибесін бере отырып, Қазақстан полициясы қатарында қызмет етеді. Ол «ҚР ІІМ құрметті ардагері» және Ұлан ауданының Құрметті азаматы.

Естелік жазған: Нұрлыбек Ғалиұлы

ТҰРЫМОВ БОЙЛАШ (1928-2000)



Көккөл өзенінің жоғарғы ағысында, Мұзтау шыңынан 15-20 шақырымда, теңіз деңгейінен 3000 метр биіктікте орналасқан тау үстінде 1938 жылы еліміздің қорғанысын нығайту үшін вольфрам, молибден өндіретін Көккөл кеніші ашылды. Бұл кез соғыс алдындағы саяси-қуғын сүргінмен қабаттасқан аласапыран уақыт еді. Мұнда шахтерлармен көп санаспайтын, жұмыс істесең жақсысың, жұмыс істей алмасаң құрсың. Соғыс алдында Көккөлде әкемнің 1916 туған ағасы Тұрымов Қисамбы жұмыс істеген. 1941 жылдың қараша айында Қисамбы соғысқа аттанып, оның орнына 13 жастағы Бойлаш Тұрымов жұмысқа шығады. Әкем сол кезді еске алуды ұнатпайтын. Бала кезімде оның маған түсініксіздеу әңгімелеріне аса құлақ қоймағам. Кейін өзім кенші болған соң кеніш тарихымен танысып, ескі шахталарға баратын болдым. Көкейімде сан сұрақ пайда болды. Өкініштісі сол, әкем келмеске кетіп қалған еді...

Әкемнің әңгімелерін есіме ала отырып, олардың талай көшкінге тап болғанын, таудың тік қарлы соқпағымен су ағашты бөренелеп қалай тасығанын көз алдыма келтірдім. Желдеткіші жоқ тар забойда газ бен шаңға қақала отырып, газ жұтып, түтіндеген карбидтің жарығымен екі адам жұмыс істеген. Бірі бұрғылау штангасын ұстап, айналдырып тұрса, екіншісі әр жерінен ауыр кувалдымен соғып тұрған. Забойдың бөлігінде қалыпты жарылыс жасау үшін аз дегенде тереңдігі 1 метр болатын 15 шпур қажет. Бұл дегеніңіз күні бойы бұрғыны тасқа жіберіп 15 метр жерге кіргізумен бірдей еді. Адам қолының қуатына шыдамай метал жарылып кететін. Арнайы жұмысшылар – бурностар ұстаханаға апарып қайтадан балқытып жөндеп әкелетін. Жарылыстан пайда болған тау жынысын сол забойда сорттайтын. Кенді қапқа салып, байыту комбинатына әкететін де, қалған жынысты қол арбамен сыртқа шығаратын. Еңбек армиясының осыншама ауыр жұмыстарын әкем 1941 жылдың қарашасынан 1945 жылдың тамызына дейін атқарды. 1949 жылы менің анам Жандыкенова Нұрзипамен бас қосты. Тұрмыстың

ауырлығынан тұңғыштары бір жарым жасында шетінеп, төменгі лагерь кенішіне жерленді. Көккөл кеніші жабылған соң әкем Шындығатай кенішіне ауысып, онда тағы үш жыл жұмыс істеген. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Катонқарағай ауданы Берел орман шаруашылығында орманшы болып істеді. Сегіз бала тәрбиелеп өсірді.

Көккөл шахтерлерінің лайықты бағасын ала алмаған ерлік істері тарих қойнауында қалды. Оларды ешкім елеп-ескерген де жоқ. Тек алыстағы тау арасында бұзылған шахталар, қаңыраған құрылғылар, қираған үйлер сол бір ауыр күндерді еске салғандай...

Естелік жазған ұлы: Тұрымов Сәбит

МӘКІБАЕВ ОРАЗҒАЛИ

(1906-1967)



Оразғали Мәкібаев Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысы Тарбағатай (бұрынғы Ақсуат) ауданы Екпін ауылында 1906 жылы дүниеге келген.

1941 жылы Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында-ақ Отан қорғауға аттанады. Бірақ майдан даласына емес, 35 жасар Мәкібаев Оразғали Еңбек армиясы қатарында Ресейдің Кузбасс өңіріндегі шахтаға жұмысқа жіберіледі.

Алғашқыда көмір кабаттарын қазу бойынша дайындық жұмыстарымен айналысады. Кейіннен жер астына түсіп, көмір қазған. Қатаң режиммен ерекшеленген, нашар тұрмыс жағдайында жұмыс жасады. Такыр тақтайда жатып, аштықтың аз-ақ алдында жүрсе де жеңіс жолында аянбай еңбек етті. «Сірә, тозақ деген осындай шығар. Көптеген адамдар аштық пен суықтан, аурудан қайтыс болды. Өз жанымызды күйттемедік. Жеңіс жолында аянбай еңбек ету керек болды. Көмірдің майдан үшін қаншалықты қажет екенін түсіндік. Жарқын болашаққа деген сенімнің күштілігі, фашист басқыншыларын жеңуге деген сенімнің арқасында аман қалдым-ау деймін» – деп отырушы еді.

Бес жыл бойы жер астында көмір қазып, ашқұрсақ жүрген адамда не денсаулық қалсын, 1945 жылы елге оралады.

Атам 1967 жылы 61 жасында өмірден өтті. Ұлы Жеңістің он, жиырма жылдық мерейтойлары атамның тірі кезінде аталып өтіп жатты. Бірақ марапатты қойып, атамды елеп ескеріп, еш жиынға шақырған емес. Тіпті соғысқа қатысқандар есебінде де болған емес. А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхана Еңбек армиясында еңбек еткен жерлестері туралы мәлімет жинастырып жатыр дегенде елең ете қалдым. Герман фашизмінен жеңу жолындағы Ұлы Жеңіске менің атамның да қосқан үлесі бар. Темірдей денсаулығын, жастық шағын, бес жыл өмірін ауыр жұмыста жоғалтып, өмірден ерте өтіп кеткен атамның еңбектегі ерлігін ұрпақтары мақтан етеді!

Естелік жазған немересі: Гүлжан Оразғалиева

ХАМИТОВ ҚАЖЫТАЙ

(1918- 2009)



Қажытай Хамитұлы 1918 жылы «Ақшоқы» деген жерде шаруа жанұясында дүниеге келген. Хамитовтар отбасында тоғыз бала тәрбиеленген. Әкесі – Хамит, анасы – Қосанова Әлимә. Апайлары Жәбі, Купәш, Нұрғызар, Қайынжамал, Қапиза, қарындасы – Бағжамал. Ағалары – Сүлеймен, Ескендір.

Хамитов Қажытай 1933 жылы Жамбыл бастауыш мектебінің 1 сыныбына түсіп, 1934 жылы Еңбек ауылындағы 5 жылдық мектебіне барған. 1936 жылы сол мектептің 7 сыныбын аяқтағаннан соң, туған ауылына колхозға хатшы болып жұмысқа орналасады. Артынан сиыр фермасының бастығы және тағы басқа да түрлі қызметтер атқарған.

«Қазіргі өздерің қалаға қатынайтын жолды 1940 жылы біз қолмен салғанбыз» – деп, өзінің «Шығыс шеңбері - Восточное кольцо» деп аталатын жолды салуға қатысқанын айтушы еді. Сол жақта жұмыс істеп жүрген кезінде екінші дүниежүзілік соғыс басталып, әскер қатарына шақырылған. 1941 жылы бір топ катонқарағайлық жерлестерімен бірге майдан даласына емес, Свердлов облысындағы Белка деген рудникке шахтёр болып жұмысқа тартылады. Жұмысы өте ауыр болған, тәулігіне 10-14 сағат жұмыс істеген. «Шахтада 300-дей адам бірден жер астына түсетінбіз» – деп әңгімесін айтатын. Бұл шахтадан шығатын металдан соғысқа қажетті қару-жарақ жасалатындықтан аса бағалы болған. Халық арасында «Трудовой» атанған бұл Еңбек армиясы соғыстағы алғы шептерден де қиын болған. Осы ауыр жұмысқа шыдамағандар өздері сұранып майданға кетіп жатты. «Біз көрген қиыншылықты айтып беру ұзақ әңгіме, соғыс дегенді сендер естімендер де, білмендер де» – деп ұрпақтарына тілеп отыратын.



1947 жылы Трудовой армиядан туған ауылына келеді. 1948 жылдан бастап 1950 жылдар аралығында колхозда бригадир болып қызмет атқарады. 1950-1954 жылдары Семейдің ауылшаруашылық мектебінде оқып, 1954 жылдың қараша айынан бастап Сталин колхозында жылқы фермасының бастығы қызметіне тағайындалады. 1956 жылдан бастап колхозда агроном, 1960-1967 жылдар аралығында қайта жылқы фермасының бастығы қызметтерін атқарды. Кейін Катонқарағайда марал совхозы болып құрылған Жамбыл бөлімшесінде мал шаруашылығымен айналысады. 1980 жылы құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. 2009 жылы тамыз айында дүниеден өтті.

Қажытай атамның 5 ұл, 2 қызы, олардан тараған 18 немересі, 26 шөбересі бар.

Естелік жазған ұлы: Хамитов Қайсабек

БИКЕНОВ ҚҰЛЖЫКӨШ

(1915-1999)



Ұлы Отан соғысы кезеңі тарихында Еңбек армиясына шақырылғандардың тағдыры осы уақытқа дейін «ақтаңдақ» болып қалғанын атап өту әділдік болар еді. Сұрапыл соғыс жылдары Еңбек армиясына алынған қазақтар Сібір, Орал, Орталық Ресей аймақтарындағы өнеркәсіп орындарына жұмысқа жіберілді. Соның бірі менің әкем – Бикенов Құлжыкөш.

Бекенов Құлжыкөш 1915 жылы 12 маусымда Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Медведка (қазіргі Белқарағай) ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Еңбек армиясы қатарына шақырылды. Ауыл молдасынан сауат ашып, арабша сабақ оқыған.

Жұмағұл Абақаев, Мырзағұл Абақаев, Хамзин Қажытай, Исаханов Бөкей т.б. бір топ жерлестерімен бірге оларды Оралдағы Свердлов қаласында орналасқан «Белка» деп аталатын соғысқа қажетті бұйымдармен қамтамасыз ететін өндіріс орнына жұмысқа тартады.

Адамдарды шақыру және оларды ары қарай кәсіпорындарға жөнелту көбіне олардың денсаулығы, отбасылық, қарапайым тұрмыс жағдайы ескерілмей жүргізілді. Еңбек армиясына алынғандарды жергілікті әскери комиссариатта жинақтаса, оларды жеткізуді және кәсіпорындарға тапсыруды НКВД қызметкерлері орындады. Еңбек

армиясындағылар зауыттар мен шахталарда, бұрғылау мұнараларында ауыр жұмыс істеп, ағаш құлатып, көпірлер салып, көмір мен кен қазды.

Танк жасайтын бұл заводта жоғары температураға шыдайтын (100 градус) металл өндірілетін, тәулігіне екі ауысыммен жұмыс істейтін. Соғыстағыдай атылған оқ, жарылған снаряд, оққа ұшқан жауынгерлер жоқ демесең, мұндағы жағдай да адам төзгісіз қиын еді. Кей кездері 12-14 сағаттық демалыссыз ауыр жұмыс, адам басына 600 гр. нан мен бір мезгіл беретін капуста көже болатын. Олар ауыр жұмыстарға жегіліп, құбырларды тиеу, түсіру, тасумен айналысып, балғашылар ретінде пайдаланылды. Барлық жерде техника жетіспегендіктен, көп жұмыс қол күшімен атқарылды. Аштық, қатты суық, жұқпалы аурулар адамдарды баудай түсіретін.



Жұмысты он-он екі сағаттық кезеңмен істеді. Қазатындары – «Огнеупорный глина» деп аталатын ақ топырақ. Экскаватор қазған тоң топырақты қолмен тиеу және ну орман ағаштарын кесу жұмыстарын жасады. «Кеппеген жас ағаштан жасалған шпал мен иығынды езіп жіберер темір жолды көтеріп, үңірейген карьерге қарай мықшындайсың. Сенің артыңнан тырмыса вагон итеріп басқалар ереді... Арпалысқан адамдар, жанталасқан қимыл, жан тапсыра қимылдаған жұмысшылар. Таусылып бітпес қозғалыстан әбден қажыған, салдары суға кете итырықтағандар орман арасында құмырсқаша құжынайды.

Жүрген жерлері поляр шеңберіне жақын орналасқандықтан, қыстың қақаған аязына шыдамай үсіп, ауру-сырқауға ұшырағандар да болды.

Құлжыкөш аға өмір жолын әңгімелеп отырғанда, өзінің Еңбек армиясын қалай тап болғанын былай түсіндерген еді: «Жерлестеріммен бір поезда соғысқа кетіп бара жатқан кезде, бір станцияға тоқтадық. Әбден шөлдеп ыстық су, кипяток аламыз деп поездан түсіп, жүгіріп келе жатқанда, сендер майданға барғыларың келмей қашып бара жатырсыңдар деп бізді НКВД-ның адамдары тоқтатты. Ешнәрсенің байыбына бармастан бізді Орал жаққа, басқа составқа отырғызып қоя берді. Сөйтіп, біз Еңбек армиясына тап болдық. Тағдыр деген осы...шахтада ауыр жұмыс істеп, соғыс аяқталғаннан соң әзер елге оралдық».

Одан кейін колхозда, совхозда жылқы бақты. Соңында құрылыс саласында еңбек етіп, 1977 жылы зейнеткерлікке шықты.

Жары Тоқтасын Тайлаққызы екеуі тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. 21 немересі, 35 шөбересі бар. 1999 жылы 12 тамызда дүниеден қайтты.

Еңбек армиясындағылар жеңіс жолында жан аямай еңбек етіп, қалыпты соғыс экономикасын жасауға өз үлестерін қосты. Сол азапты жылдарды бастарынан кешірген жерлестеріміздің біршамасы туған жеріне оралса, кейбіреуі жат жерде, суық жер қойнында мәңгілікке қалып қойды. Тірі қалғандарын Жеңіс қуанышы, тіршілік ету сияқты қым-қуыт өмір күтіп тұрды.

Естелік жазған: қызы Бикенова Күләш

АБАҚАЕВ МЫРЗАҒҮЛ (1916-1997)



Абакаев Мырзағұл Абдоллаұлы 1916 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Белқарағай (бұрынғы Медведка) ауылында дүниеге келген. Руы Қаратай - Көшкінші. Әкесі Абдолла жаңадан орнаған Кеңес үкіметін қолдап аянбай еңбек етті. Бес жасында аналары дүниеден

қайтып, балалары Жұмағұл, Мырзағұл әжесінің қолында тәрбиеленді. Апасы Самиға құран ұстап, намаз оқыған адам болған. Әкеміз әжесінің жақсы тәрбиесін көріп өсті.

1939 жылы Күлжамал Тұрымқызына (руы Сарыжомарт) үйленіп, 1941 жылы ұлы Токтарбек, 1942 қызы Қамария дүниеге келді.

Әкем 1942 жылы қаңтар айында бір топ азаматтармен бірге майданға аттанады. Елден шақырылған бір топ жерлестерді Ластаев Зияпат, Асанов Уәтай, Бекенов Құлжыкөш, Абақаев Жұмағұл, Атантаев Қабыш, Қоразов Нұрсәлилермен бірге оларды Оралдағы Свердлов қаласында орналасқан «Белка» деп аталатын соғысқа қажетті қару-жарақ шығаратын зауытқа жұмысқа тартады.

Майдан даласындағыдай атылған оқ, ысқырған снаряд, оққа ұшқан жауынгерлер жоқ демесең, мұндағы жағдай да адам төзгісіз еді. 12-14 сағаттық демалыссыз ауыр жұмыстан қалжырағын жұмысшылар, тоя тамақ ішпей, адам басына берілетін 600 гр. нан мен бір мезгіл үсіген капустаны қорек ететін. Сібірдің қақаған аязына шыдамай үсіктен өліп, ауру-сырқауға ұшырағандар да көп болды. Мұндай қорлыққа шыдағанша майдан даласында жауға қарсы күресіп, оққа ұшқанымыз дұрыс деп қашқандар да болды. Бірақ қашқындарды ұстап әкеп бұрынғыдан да ауыр жұмыстарға салатын.



Жаумен мылтықсыз майданға қатысып, қақаған аяз, үскірік боранда арпалыса қимылдаған жұмысшылар аянбай демалыссыз жұмыс істеді. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» – деген жалғыз ауыз сөз олардың жігерлерін жанып, келешекке деген сенімдерін арттырды.

Әкем Мырзағұл Абақаевтың еті тірі, орыс тілін жетік меңгерген, әрі қолының шеберлігі де бар болатын. Орыс тілінде жақсы сөйлейтін болған соң, оны бірден зауытқа мылтық жасайтын жерге жұмысқа алады. Қызыл Армияны әскери техникамен, қару-жарақпен тез қамту талап етілді. Қыстың қақаған аязына шыдамай, ауру-сырқауға ұшырағандар мен өлім-жітім де көп болды. Қырдан келген қазақ жігіттері жұмыстың қыр-сырын түсінбей, тіл білмей, үйренбеген асын жей алмай көп қиналыпты. Алғашында аузына нәр салмай жүре беріпті. Ішер асқа, киер киімге жарымаса да ауыр жұмыстан қашпай еңбек етті. Әкемнің қолының шеберлігі бар дедім ғой, «жалаңаяқ қалған талай жұмысшыларға етік тігіп, жыртықтарын жамап бердім» – деп отыратын.



Соғыс кезіндегі қара жұмыста болған адамдардың зор еңбегі еш уақытта бағаланбады. Жеңіс күні олар ешқандай марапат алмады. Жиындарға шақырылмады. Бірақ олар өздерін қан төгіспен келген Ұлы Жеңістен тысқарымыз деп ойлаған жоқ. Қақаған аяз, қалың қардың астында топырақ қазылмаса, металл қорытатын алып қазандар, танк жасалмаса, жауға атылар оқ уақытында жеткізілмесе, бақайшағына дейін қаруланған жауды жеңер ме едік? Майдан шебін қажетті қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырғандар осы Еңбек армиясының ерлері емес пе еді? Әкем: «Белка» зауытында қазақтың мықты азаматтары жанталаса жұмыс істеді, жоқшылыққа, ауыртпашылыққа қазақтардан төзімді жұрт болмай шықты» – деп отыратын.



Әкемді әскери билетін қолына бермей, анықтама қағаз ғана беріп Еңбек армиясынан 1945 жылы босатыпты. Елге оралған соң Үлкен Нарында тағы да тексеру басталады. Өйткені әкем аса құпия зауытта еңбек етіп, қару жасаудың қыр-сырын жақсы меңгерген екен. Сонысы сор боп жабысты

ғой. Әкемді ауылға жібермей 7-8 айдай, әскери билетке сұраныс жасалып, келгенше Балғын, Жұлдыз ауылдарының тауларында түрмеге қамады. Күндіз ауыр жұмысқа салды. Тіптен бертінге дейін әкем ҰҚК назарында болды...

Соғыс бітіп, бейбіт заман орнаған соң, әкеміз тоғыз бала өсіріп жеткізді. Жетеуін орысша мектепке берді. Жоғары білім әперді. Біздің бәрімізді жеткізу үшін қар жастанды, мұз құрсанды. Бізді Москва, Алматы-Ташкент сияқты ірі қалаларда оқытып, тәрбиеледі. 1948 жылы туған ағам Серікбекті Мәскеу түсті металл және болат қорыту институтына оқуға жіберді. Бір қызығы сол институтта оқып жүріп, 1974 жылы Серікбек ағам соғыс кезінде әкем Еңбек армиясында болған зауытқа практикаға барыпты. Әлі күнге дейін зауыт әскери техника шығарумен айналасады екен. Әкем жүрген жерлерді көріп, қызықты әңгімелер айтып келгені есімде.

«1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды.

Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, барша ұлт өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аталарымыздың биік рухын, ерлігі мен қазақылығын бүкіл әлемге танытқан соғыс. Фашизмді жеңген бабалар даңқы біздің жүрегімізде мәңгі өшпейтін болды.

А. С. Пушкин атындағы облыстық кітапхана өлкетанушылары «Еңбек армиясына қатысқан шығысқазақстандықтар» атты жобаны қолға алғанын естіп, әкем туралы естелігімді ала жүгірдім. «Игіліктің ерте-кеші жоқ» дейді дана халқымыз. Кеш болса да әкелеріміздің Ұлы Жеңіске қосқан ұлы ерліктері туралы жас ұрпақ білетін болады. Қайсарлық пен төзімділіктің, ұлттық намыс пен жігердің, отанға деген сүйіспеншіліктің орасан зор үлгісін көрсеткен ағалар ерлігі бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Естелік жазған қызы: Абақиева Күлән

ОХИН БУРАХАН (1912-1984)



Өр Алтайды мекен еткен көзі ашық, көкірегі ояу, зерделі, зиялы азаматтардың бірі – сол замандағы діни білімі бар имам Оқа болатын.

Оқаның Бурахан, Бұйдахан, Жиынды атты үш ұлы болған. Бұйдахан Ұлы Отан соғысына қатысып, офицер шенінде қаза тапқан.



1912 жылы Катонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында туған Бурахан 1941 жылы майданға шақырылады. Жас жігіт жастық жігермен герман фашизміне қарсы соғысуға аттанады. Бір топ жерлестерімен поезда кетіп бара жатып бір станцияға тоқтайды. Ол кездегі поезда ыстық су-кипяток болмайды екен. Ыстық суды тек станциядан ғана алуға болатын. Ауылдан шыққан бес-алты қазақ шай ішкілері келіп, поездан түсіп станцияға су алуға кіреді. Бұлар тегі көп

айланып қалған ба, су алып шықса поезд жүріп кетіпті. НКВД адамдары тоқтатып, «майданға барғыларың келмей әдейі түсіп қалдыңдар» – деп кінәлап, сұрақтың астына алады. Ештеңенің байыбына бармастан басқа поездға отырғызып жібереді. Сөйтіп катонқарағайлық бір топ жігіт бағы ма, соры ма, майдан даласына емес, Сібірдің қаласына бет алған поездға отырып, Еңбек армиясына тап болады. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы шығар. Соғыс басталысымен батыстағы ірі зауыттардың шығысқа, Сібір қалаларына көшіріліп жатқан кезі еді. Сондай зауыттардың бірі – Свердловск облысының Белка руднигіне шахтер болып Еңбек армиясына кіреді. Онда жұмыс өте ауыр болды, тоя тамақ ішпей, жылы киімсіз қақаған аязда тәулігіне 10-14 сағат жұмыс істеген. Аты айтып тұрғандай, отқа төзімді «Огнеупорная глина» деген ақ топырақ қазып, одан метал балқытатын қазан жасаған. Майданға жіберілетін қару-жарақ жасайтын металды осы қазанда балқытатын. Демалысты білмей, жанталаса қимылдап жеңіс жолында еңбек етті. Еңбек армиясындағы жанталасқан жұмыс майдандағы алғы шептен еш кем емес еді. Ауыр жұмысқа шыдамағандар майдан даласындағы қарша бораған оқ астында жүруді артық санап, соғысқа сұранып, майданға кетіп жатты.

Адам төзгісіз жағдайда Жеңіс жолында еңбек еткен әкем 1947 жылы ауылға оралды. Мектеп оқушыларымен кездесу сәтінде айтқан әңгімесінде: «Көппен көрген ұлы той» дегендей жанымдағы басқа да азаматтармен бірге аштыққа да, ауыр еңбекке де төздік, жан аямай жұмыс жасадық. Соғыс жылдары қай-қайсымызға да оңай болған жоқ. Жауды жеңу үшін бәріне де төзуіміз қажет болды», – деген еді. Есепші мамандығының қыр-сырын меңгерген әкем зейнеткерлікке шыққаннан кейін де, еңбектен қалған жоқ. Анамыз Зиба да тылдағы еңбек ардагері. Соғыс жылдарында темір тұлпар-трактордың құлағында ойнап, ер-азаматтардың жоқтығын білдіртпей, еселі еңбегімен көзге түскен қайсар жан. Отбасында алты қыз, екі ұл өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған әкеміз, Еңбек армиясы ардагері Охин Бурахан 1984 жылы өмірден өтті.

*Естелік жазушы: Гүлсім Бураханқызы,
Атырау қаласы*

ҚАЙСИН ҚАБІЛМӘЛІК (1910-1992)



Ұлы Отан соғысы кезеңі тарихында Еңбек армиясы қатарына шақырылып, көрген азапты өмірі осы уақытқа дейін ашылмаған, мылтықсыз майданда болған азаматтар туралы зерттеп және зерделеп «ақтандақ» жылдар құрбандары қатарына жатқызатын уақыт жетті.

Көптеген адамдар Орталық Ресей, Сібір, Орал аймақтарына қара жұмысқа жіберіліп, жан түршігерлік ауыр жағдайда еңбек етті. Тарихи мәліметтер бойынша 200 мың қазақ азаматтары Сібірдің өнеркәсіп орындарына жіберілген.

Қайсин Қабілмәлік 1910 жылы қазан айында Катонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. 7-8 жасынан Молотов колхозының жұмысына араласты. Колхозда өгізбен ағаш дайындап, өгіз арбамен колхозға шөп тасыды.

1943 жылы 33 жасында Молотов колхозынан майданға шақырылды. Әскери комиссариат соғысқа жарамды ер азаматтарды жинап Өскемен қаласына жеткізген. Осы жерден бір тобы майданға, екінші тобы еңбек батальонына жіберілген. Еңбек армиясы қатарына алынған азаматтардың денсаулығына, тұрмыс жағдайына мүлде қарамаған, тізім жасап, өнеркәсіп орындарына бөлу жұмысын әскери комиссариат, қадағалау жұмыстарын қаһарлы НКВД жүргізіп, бақылауында ұстаған.

Әкем «Шыңғыстайдан – Исақанов Бөкей, Охин Бурахан, Жамбылдан – Хамитов Қажытай, Медведкадан – Бекенов Құлжыкөш, Абақаев Мырзағұл, Абақаев Жұмағұл, Топқайыңнан – Жұртбаев Түспек, Катоннан – Ластаев Зияпат барлығымыз бір жерге, Оралдағы ірі өнеркәсіп орталығы Свердловск (қазіргі Екатеринбург) құрылысындағы



Белка руднигінде түсіп, Еңбек армиясы қатарында қара жұмыс атқардық. Жағдайымыз өте ауыр болды. Еңбек етуге еш жағдай жасалмаған, азық-түлік жоқтың қасы. Үнемі ашқұрсақ жүріп, ауыр жұмыстар атқару ер азаматтарға қиын болды. Әйтсе де тапсырылған нормамызды орындап жүрдік. Әлсіздіктен, аштықтан жұмыс басында өліп кеткендер көп болды. Кейбіреулер мұндағы қиындыққа шыдамай, ашық майданға сұранды, кейбіреулер қашып кетті. Қашып кеткендерді ұстап

алып, қайтадан жұмысқа салатын. Қаланы айналдырып ор қаздық, трактор қазған тоң топырақты қолмен тиеп, орманда ағаштар кестік. Иығынды езіп жіберердей жас ағаштан жасалған шпалды көтеріп, үңірейген карьерге қарай әзер жетесің. Артыңнан вагон итеріп басқалар ереді...

